

4

Ынтымақ ұйысқан
жерде ырыс пен
береке бар

8

Қазына
қайнары

Сыр бойы

№123-124 (20999-21000) 16 тамыз, сенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ

«БІЛІМ КЕЛЕШЕГІ: АДАЛ АЗАМАТ, КӘСІБИ МАМАН»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тамыз конференциясының пленарлық отырысында сөйлеген сөзі

Құрметті ұстаздар, жиынға қатысушылар!

Ең алдымен, баршанызға дәстүрлі Тамыз конференциясының ашылуы құтты болсын! Бұл – өскелең ұрпаққа сапалы білім мен тағылымды тәрбие беру мәселесіне арналған өте маңызды басқосу.

Ұстаз – ұлттың шамшырағы. Сіздер күнделікті қажырлы еңбектеріңіз арқылы ел дамуына өлшеусіз үлес қосып келесіздер. Жас ұрпақтың бойына білім нәрін сеуіп, озық ойлы ұлт тәрбиелеп жүрсіздер. Халқымыздың зияткерлік қуатын арттыруға белсене атсалысып жатсыздар.

Бүгін мен еліміздегі ұстаздар қауымына шынайы ризашылығымды білдіремін! Шын мәнінде, мұғалімдер мемлекеттік маңызы бар жұмысты атқарып жатыр. Ыбырай Алтынсарин «Жақсы оқытушыны бәрінен де қымбат көремін» деген. Елдің ертеңі мұғалімдерге тікелей байланысты. Сондықтан ұстаздың қоғамдағы орны бәрінен биік болуға тиіс.

Біз бір ел, бір халық болып, Әділетті, Таза әрі Қуатты Қазақстанды құрып жатырмыз. Ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру үшін нақты реформаларды қолға алдық. Бұл – ауқымды әрі күрделі жұмыс. Бүгінге дейін біраз шаруа атқарылды. Елдегі саяси жүйе толық жаңғырды. Ұлттық экономиканың жаңа бағдары айқындалды. Қоғамымыз дамып, азаматтардың сана-сезімі өзгеруде.

Мемлекеттік қызметте меритократия қағидаты басты орынға шықты. Білікте де «отбасылық жүйе» жоқ. Азаматтарды қызметке тағайындау кезінде ең алдымен олардың білімі мен кәсіби білігі ескеріледі.

Қазір елімізде рухы азат, ойы еркін ұрпақ өсіп келеді. Заңды сыйлау, тәртіпке бағыну қоғамның мызғымас қағидасына айнала бастады. Бір сөзбен айтқанда, Қазақстан жаңа сипатты ел болу жолына бет бұрды.

Бірақ өзгерістерді жасау – бір



бөлек болса, оны біржолға орнықтыру – бір басқа мәселе. Ол үшін, ең алдымен, қоғам санасы түбегейлі жаңғыруы қажет. Осы ретте сіздерге, яғни, ұстаздар қауымына зор жауапкершілік жүктеледі. Себебі, нағыз «Адал азамат» мектеп қабырғасында қалыптасады.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы «Мектептің жаны – мұғалім» деген. Біз өркениетті ел боламыз десек, ұстаздарға барынша жағдай жағсауымыз керек.

Мен білім беру саласына айрықша мән беремін. 2019 жылы Президент ретінде қабылдаған алғашқы шешімдердің бірі ұстаздарға қатысты болғанын білесіздер.

Қазір – білім мен ғылымның заманы. Жаһандану дәуірінде озық білімді игерген, жаңа технологияны меңгерген елдің ұпайы түгел болады. Бүгін саналы ұрпақ тәрбиелей алсақ, ертең заман көшiнiң басында жүреміз. Сондықтан осы саланы қолдау мемлекеттік саясаттың негiзгi басымдығы болып қала береді.

Соңғы жылдары бұл бағытта ауқымды жұмыс атқарылды. 2019 жылдан бері білім саласының бюджеті үш есе артты. Осы уақытта 1 миллионнан астам оқушыға арналған 1200 мектеп ашылды. «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында жалпы саны 217 мектеп құрылысы жоспарланды. Қазір 128 мектеп салынды. Бұдан бөлек, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының қаржысына алпыстан астам мектеп ашылды. Тағы 30-ға жуығы салынып жатыр.

«Педагог мәртебесі туралы» арнайы заң қабылданды. «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» атағы белгіленді. Бүгінде 74 мұғалім осы құрметті атаққа ие болды. Былтыр екі ұстаз «Қазақстанның Еңбек Ері» атанды. Бұл – барша педагогтер қауымына көрсетілген зор құрметтің белгісі.

2-3-бетте

/// САЛТАНАТТЫ ШАРА

СПОРТ: СЫРДЫҢ ДАҢҚЫ ЖОҒАРЫ

Күні кеше «Өнер орталығында» Спорт күніне орай өткізілген салтанатты шара ерекше сипатқа ие болды. Бұл – даңқты спортшылардың басқосуы. Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мұрат Ергешбаев, Туризм және спорт министрлігі Спорт және денешынықтыру істері комитетінің төрағасы Руслан Есеналин қатысқан салтанатты сәтте Олимпиада ойындары мен Әлем чемпионаттарының жеңімпаздары Ермахан Ыбырайымов, Бақыт Сәрсекбаев, Елдос Сметов, Болат Жұмаділов, Нұрбақыт Теңізбаев, Әділбек Ниязымбетов, Ислам Байрамуков, Серік Елеуов, Қамшыбек Қоңқабаев, Мерей Ақшалов, Біржан Жақыпов сынды қазақтың атақты спортшылары бірге болды. Облыстық құқық қорғау органдарының бірінші басшылары, зиялы қауым өкілдері, сала ардагерлері де мереке қуанышын бөлісті.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жиналған жұртшылықты мерекемен құттықтап, спорт саласындағы бастамалар мен жетістіктерді атап өтті.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Қазақстан спорт державасы болуға тиіс. Сол үшін біз маңызды спорт нысандарын салып жатырмыз. Халықтың спортқа деген

қызығушылығын арттыру – біздің ортақ міндетіміз» – деп, спорт инфрақұрылымын, соның ішінде стадиондар мен спорт кешендерін салуға тапсырма берген болатын.

Президентіміздің тапсырмасын орындау мақсатында өңірімізде спорт инфрақұрылымын дамытуға, бұқаралық спортпен шұғыл-



данушылар санын арттыруға басымдық берілуде.

Қазіргі таңда аймағымызда 340 мыңнан астам тұрғын спортпен жүйелі түрде шұғылданады. Бұл – өңір халқының 40 пайызы. Спорт резерві мен жоғары дәрежелі спортшыларды даярлайтын 33 спорт мекемесі жұмыс істейді. Соңғы 3 жылда 20 спорт кешені пайдалануға берілді. Биыл «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында елді мекендерде тағы 6 спорт кешені ел игілігіне табысталады.

Сыр өңірінің спортшылары әлемдік додалар мен ел біріншіліктерінде әрдайым жеңіс тұғырынан көрініп, еліміздің атын әлемге танытуда. Алдағы уақытта да аймақ спортының дамуына аянбай атсалысып, жаңа белестерді бағындыра береді деп сенемін. Баршаныздың дендеріңізге саулық, отбасыла-

рыңызға амандық тілеймін! Мереке құтты болсын!», – деді Нұрлыбек Мамбекұлы.

Мерекелік шарада салауатты өмір салтын қалыптастыруға, бұқаралық спортты дамытуға сүбелі үлесін қосқан сала мамандары облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Концертте үрмелі аспаптар оркестрі халық әндеріне импровизация жасады, эстрада әншісі Бағлан Әбдірайымов ән шырқады.

Айта кету керек, Сыр өңірінің спортшылары халықаралық аренада көк туымызды көкке көтеріп келеді. Жыл басынан бері Әлем, Азия чемпионаттарынан 36 алтын, 22 күміс, 42 қола медаль жеңіп алды.

Ел біріншіліктерінен 118 алтын, 103 күміс, 151 қола медальға қол жеткізді.

«СБ» ақпарат



Суреттерді түсірген: Нұрболан НҰРЖАУБАЙ

ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАР
ЖЫЛЫ

«ІШКІ ҚАЛАУЫМДЫ ТАПҚАНДАЙ БОЛДЫМ»



2025 жылдың Президент тапсырмасымен Жұмысшы мамандықтар жылы болып жариялануы еңбек адамдарын төрге шығаруға мүмкіндік берді. Бұрын елеп-ескеріле бермейтін оларды кеңінен дәріптеуге көштік. Байқап қарасақ, қол күшімен, адал ісімен еліміздің дамуына үлес қосып жүрген жандар айналамызда аз емес. Солардың бірі – құрылысшы Аманжол Дәрібаев.

8-бет

Валюта бағамы \$ 538,03 kzt

€ 629,23 kzt

₸ 6,74 kzt

Ауа райы:

Сенбі



+32°



+19°

Жексенбі



+34°



+21°

«БІЛІМ КЕЛЕШЕГІ: АДАЛ АЗАМАТ,



Мұғалімдердің әлеуметтік жағдайын жақсарту әрдайым басты назарда. Соңғы төрт жылдың ішінде олардың жалақысы 2 есе өсті. Қазіргі таңда 500 мыңнан астам ұстазға үстеме ақы төленеді. «Білім берудегі өзгерістердің мың көшбасшысы» жобасы қолға алынды.

Осы жобаға қатысқан 332 маман мектеп директоры болып тағайындалды. Мұғалімдер өз міндетіне кірмейтін артық жұмыстан босатылды. Ұстаздың назары бала оқыту ісінде болуға тиіс.

Мұғалімдердің жаңа толқынын даярлау – айрықша маңызды жұмыс. Биыл білім беру саласына 13 мыңнан астам грант бөлінді. Педагог мамандығы бойынша оқып жатқан студенттердің шәкіртақысы бес жылда екі есе көбейді. Жаңа оқу жылынан бастап шәкіртақы 84 мың теңге болады. Осындай нақты шаралардың нәтижесінде жастардың мұғалім болуға ынтасы артып келеді.

Биылғы 1800-ге жуық «Алтын белгі» иегері педагог мамандығына оқуға түскен. Ал биыл 2 мыңнан астам үздік түлек ұстаз мамандығын тандап отыр. Бұл – барлық «Алтын белгі» иегерлерінің 23 пайызға жуығы деген сөз. Мұның бәрі қоғамда ұстаздардың абырой-беделінің арта түскенін аңғартады. Мұғалімнің білігін, мәртебесін көтеру және білім сапасын арттыру үшін басқа да көптеген шаралар атқарылды. Нәтижесі жаман емес.

Биыл оқушыларымыз әлемдегі ең беделді жеті олимпиададан 27 медаль алды. Бұдан бөлек, халықаралық олимпиадалардан 1 мыңға жуық медаль иеленді. Бұл, әрине, ұл-қыздарымыздың сапалы білімі мен терең ізденісі және ұстаздардың қажырлы еңбегінің жемісі.

Мен жақында осындай бір топ оқушыны Ақордаға арнайы шақырып, марапаттадым. Олар қазақтың зияткер ұлт екенін бүкіл әлемге танытып жүр.

Жалпы, нақты жетістіктер аз емес. Бірақ арқаны кеңге салуға болмайды. Себебі, алда атқарылатын шаруа одан да көп. Осы орайда, бүгін оқу-ағарту саласына қатысты бірқатар ойымды ортаға салғым келеді.

БІРІНШІ. Білім сапасын жақсарту түсу қажет. Қазір ғылым мен білім, технология өте жылдам өзгеріп жатыр. Кеше алған білімің ертең өзекті болмай қалуы мүмкін. Сондықтан мұғалімнің білікті болуы өте маңызды мәселе. Жоғары оқу орнында алған біліммен шектеліп қалуға болмайтыны түсінікті. Озық ойлы

1-бей

шәкірт тәрбиелеу үшін ұстаздар ұдайы ізденіп, білімін жетілдіріп отыруы керек. Балалардың оқуға зейінін ашатын әдіс-тәсілдерді жетік меңгерген абзал.

Дамыған мемлекеттерде білім беру саласы ұлттық экономиканың тірегі, қозғаушы күші екені белгілі. Сондай елдердің тәжірибесін зерттеген жөн. Бірақ басқалардың бала оқыту үлгісін құр көшіріп әкеле салуға да болмайды. Озық тәжірибені үйреніп, оны еліміздің болмысына бейімдеу керек.

Жалпы, білім беру стандарттарына, оқыту әдістемесіне, оқулыққа енгізілетін кез келген өзгерісті өте мұқият саралау қажет. Себебі, білім саласында ешқандай қателікке жол беруге болмайды. Бір ғана қателіктің салдары өте ауыр болуы мүмкін.

Тағы бір маңызды міндет – қала және ауыл мектебіндегі білім беру деңгейін теңестіру.

Соңғы төрт жылда 4 мыңнан астам ауыл мектебінің материалдық-техникалық қоры жаңғыртылды. Оның басым көпшілігі – ауыл мектептері. Ауылдағы білім ошақтарына күрделі жөндеу жүргізіліп, жаңадан кітапханалар, асханалар мен спорт залдары салынып жатыр. Бұл жұмыс алдағы уақытта да жалғасын табады.

Баланың бәрі бірдей. Ауыл баласы мен қала баласының білім алу мүмкіндігі де бірдей болуы керек. «Келешек мектептері» жобасының негізгі мақсаты да – осы.

ЕКІНШІ. Білім тәрбиемен ұштасқанда ғана берекелі, сапалы болады. Білім мен тәрбие – кез келген қоғамның қос тұғыры. Бұл екеуін бір-бірінен бөліп қарауға болмайды.

Мектеп – білім мен тәлім-тәрбиенің киелі ордасы. Ұлы Абай «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ» деген. Өскелең ұрпақты білімпаздыққа баулу қаншалықты маңызды болса, оларға дұрыс жол көрсету, бағдар беру де соншалықты маңызды. Біз жастардың адал әрі еңбекқор болып өсуіне ерекше мән беруіміз қажет. Ұл-қыздарымыз жақсы мен жаманның, ақ пен қараның арасын ажырата білуі керек.

Биылдан бастап елімізде «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы жүзеге асырыла бастайды. Бұл бағдарламаны барлық мектеп, соның ішінде жекеменшік мектептер де қолданады. Сондай-ақ мен осы жобаны педагог мамандар даярлайтын жоғары оқу орындарына да енгізуді ұсынамын.

Ұлттық білім саласындағы тәрбие жұмысында біртұтас жүйе болуы керек. Жас ұрпақтың бойына жалпыхұлттық құндылық-

тарды сіңіру қажет. Әрбір жас отаншыл, жасампаз, жаңашыл, білімпаз, еңбекқор, ұқыпты, үнемшіл болып өсуі керек. Сондай азаматтар ғана мәдениетті, қауіпсіз әрі «Заң мен тәртіп» үстемдік құратын қоғамның іргесін қаламақ.

Халқымыз «Тәрбие тал бесіктен басталады» деп бекер айтпаған. Ұрпақ тәрбиесінде ата-ана, мұғалім және мемлекеттік органдар бірге жұмыс істеуге тиіс. Себебі, жауапкершілік бәріне ортақ. Хакім Абай да «Адамның адамшылығы ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады» деп айтқан.

«Отбасы – мектеп – мемлекет» үштігі үйлесімді болса, жақсы нәтижеге жетуге болады. Ал бұл үштіктің өзегінде еңбекқорлық идеясы болуға тиіс. Жас ұрпаққа еңбексіз ешқандай игілік болмайтынын үнемі түсіндіріп айту керек. Қоғамда масылдыққа жол бермеу қажет. Себебі, бұл жол тек тығырыққа тірейді.

«Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы – осы бағыттағы нақты шараның бірі. Мен бұған дейін де айттым. Таза Қазақстан дегеніміз – қоршаған ортаны таза ұстау ғана емес. Әрине, ол да маңызды. Сонымен бірге, бұл – ой-сана тазалығы деген сөз. Жан дүниесі таза адам қайырымды, мейірімді болады. Қолы таза адам жемқорлыққа бармайды, адал болады. Асыл қасиеттерді бойына сіңірген нағыз адал азаматтар Әділетті Қазақстанның тірегі болатыны сөзсіз.

ҮШІНШІ. Өскелең ұрпақты әлеуметтік кеселдерден сақтау маңызды.

Балалар өмірлік дағдының көбін мектепте меңгереді. Олар мұнда тәртіпке бағынып, жүріп-тұру ережелері мен әдеп нормаларын сақтауды үйренеді. Сондықтан мектеп өзара құрмет пен жанашырлыққа толы үйлесімді қоғамның үлгісі болуға тиіс.

Балаларды жауапкершілікке баулып, оларға кез келген әрекеттің салдары болатынын түсіндіру маңызды. «Заң мен тәртіп» қағидаты тәрбие жұмысының ажырамас бөлшегіне айналуға тиіс. Ең басты міндет – осы тұжырымдаманың мән-маңызын түсінікті тілде, озық педагогикалық әдістер арқылы өскелең ұрпақтың санасына сіңіру.

Бұл іске директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері мен мектеп психологтерінен бөлек, барша ұстаздар қауымы атсалысуға тиіс. Өйткені, бұл – мемлекеттік маңызы бар міндет.

Балаларды әлеуметтік кеселдерден қорғау үшін олардың сыни ойлау қабілетін ұштау қажет. Жас ұрпақтың көп уақытын Интернет

пен әлеуметтік желілерде өткізетіні жасырын емес. Олар жалған идеялар мен мінез-құлықты бұзатын теріс тәрбиенің ықпалына оңай түсуі ықтимал. Сол себепті әр педагог балаларды өз эмоциясын ұстауға, кез келген нәрсеге немесе жағдайға байыппен қарап, дұрыс шешім қабылдауға үйретуі керек.

Нашақорлық пен лудомания, тұрмыстық зорлық-зомбылық, буллинг және бұзақылық сынды зиянды әдеттермен күресуде мұғалімдер айрықша рөл атқарады. Жас ұрпақ арасындағы наркотизмге қарсы іс-қимылға бүкіл қоғам болып жұмылу керек. Мен бұл туралы жақында Қауіпсіздік Кеңесінің отырысында айттым. Бірақ, ең бастысы, әртүрлі стимуляторлармен әуестену, тіпті ол зиянсыз болса да, түбі жарға жығатынын балалар мен жастарға түсіндіру қажет.

Зиянды заттарды тұтыну немесе виртуалды ойындар арқылы шындықтан ажырап, қиялға ерік беру адамды айналасына жексұрын қылып, қоғамнан шеттетеді. Шын мәнінде, мұндай жандар өз болашағына балта шабады. Олар жақсы жұмыс тауып, берекелі отбасын құру мүмкіндігінен айырылады. Өзінің дарынын көрсетіп, биік мақсаттарға жете алмайды.

Мектеп әр бала үшін қауіпсіз жер болуға тиіс. Зорлық-зомбылыққа, әлімжеттікке, яғни, буллинкке, қатыгездік пен озбырлыққа мүлде жол берілмеуі керек.

Соңғы екі жылда өскелең ұрпақтың құқығын қорғау үшін нақты шаралар қабылданды. Атап айтқанда, кәмелет жасына толмағандарға қатысты жасалған кез келген зорлық-зомбылық үшін берілетін жаза қатайды. Бала құқықтары жөніндегі уәкілдің құзыреті кеңейді.

Сондай-ақ тағы бір өзекті мәселе. Балалардың өз-өзіне қол жұмсау жағдайларының, яғни, суицидтің алдын алу бойынша жүйелі жұмыс істеліп жатыр. Еліміздегі барлық мектепте «111» психологиялық қолдау қызметінің QR-коды орнатылды.

Жаңа оқу жылынан бастап мектептер мен колледждерде әлімжеттікке, буллинкке қарсы «ДосболLIKE» атты бағдарлама іске қосылады. Негізгі мақсат – балалар мен жеткіншектер арасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу. Бұл бағыттағы маңызды жұмыс тоқтамайды, жасөспірімдердің құқығы мен мүддесін қорғау мәселесі әрдайым мемлекет назарында болады.

«Не ексең, соны орасын» деген. Қазір біз бір қоғам болып жас ұрпақтың бойына қандай құндылықтарды сіңірсек, ертең ондаған жылдан кейін ұлттымыздың сапасы да сондай болмақ. Әділетті, Озық, Таза, Қауіпсіз және Қуатты Қазақстанның іргесі мектепте қаланады.

ТӨРТІНШІ. Білім беру үдерісіне цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектіні жедел енгізу қажет. Өлем жаңа технологиялық дәуірге қадам басты. Оның басты нышанын инновацияның қарқынды дамуы мен жасанды интеллектінің өмірлігіне дендеп енуінен байқауға болады. Сондықтан бүгінде «озық ойлы ұлт» пен «технологиялық ұлт» ұғымдары егіз.

Біздің міндетіміз – жаһандық үрдістерге бейімделу. Ол үшін білім беру жүйесіндегі цифрлық трансформацияның қарқынын үдету өте маңызды. Цифрландыру мен жасанды интеллектіні игеру білім саласындағы теңсіздікті еңсеріп, оқу сапасын айтарлықтай арттыруға үлес қосады.

Бүгінде еліміздегі мектептердің 95 пайыздан астамы жылдам интернетпен қамтылған. Аталған көрсеткішті 100 пайызға жеткізу керек. Жерсерік жүйелерінің мүмкіндіктерін осы мақсатқа пайдалануға болады. Мұны жай ғана инфрақұрылымға теңдей қол жеткізу мәселесі емес, әлеуметтік әділдіктің маңызды идеологиялық қағидаты ретінде қарастырыған жөн.

Сонымен қатар озық инновациялық тәсілдер ерекше қажеттілігі бар балалардың толыққанды білім алуына жол ашып, инклюзивті орта қалыптастыруға мүмкіндік беруде. Елімізде мектепке немесе колледже қабылдау, сондай-ақ басқа мектепке ауысу бойынша барлық негізгі қызметтер цифрлық жүйеге көшірілген. Электронды Үкіметтің мобильді қосымшасында білім саласына қатысты барлық ақпарат жиналған Bilim қызметі жұмыс істеп тұр.



КӘСІБИ МАМАН»



Бірақ алда әлі де ауқымды жұмыс бар. Босаңсуға болмайды. Үкімет пен әкімдер бұл жұмысқа баса мән беруі керек.

Мысалы, білім беру мекемелерін тиісті интерактивті құрал-жабдықпен қамтамасыз ету керек. Оқытуға арналған цифрлық платформалар мен электронды оқулықтар барлық оқушыға қолжетімді болуға тиіс. Бұл ретте оқыту материалдары түгел мұқият сарапталуы керек.

Келесі маңызды міндет. Балаларға жастайынан жасанды интеллект технологиясын оқытқан жөн. Бұл—болашақта жастарымыздың бәсекеге қабілетті озық маман болуына қажетті бірден-бір дағды.

Бұл педагогтерге де қатысты. Мұғалім өз пәнін жетік меңгеріп қана қоймай, педагогикалық тәжірибеде жаңа технологияларды да қолдана білуі керек.

Жалпы, білім беру саласын мүлдем жаңа сапалы деңгейге шығару үшін цифрландыру мен жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін толық пайдаланған жөн. Сіздер тұтас елімізді технологиялық тұрғыдан жаңғырту ісінде алдыңғы шептен табылып, біздің қоғамды нағыз прогрессивті әрі дамыған ұлтқа айналдыруға ерен үлес қосасыздар деп сенемін.

БЕСІНІШ. Мұғалімнің құқығын қорғау мәселесі әрдайым басты назарда болуға тиіс. Мен сөз басында ұстаздардың өз міндетінен тыс жұмыстардан босатылғанын айттым. Бірақ кейде жергілікті билік өкілдері заң талаптарын өрескел бұзып жатады. Прокуратура органдары мұндай заң бұзушылықтарға тосқауыл қоюы керек.

Сондай-ақ балаларға қатысты кез келген жазатайым жағдай үшін де мұғалімді жазалау орынсыз деп санаймын. Мектептен тыс жерде,



ата-аналардың жауапсыздығынан оқыс оқиға болса, оған ұстаз жауапты емес. Алматы облысында түлектер арасында болған қайғылы жағдай үшін директор мен мұғалімдер жауапқа тартылып, жұмыстан шығарылды. Министрлік олардың мүддесін қорғап қалды. Дұрыс. Біз мұндай келеңсіздікке жол бермеуіміз керек.

«Педагог мәртебесі туралы» заңға ұстаз құқығын қорғау жөнінде өзгерістер енгізу қажет деп санаймын. Мемлекеттің міндеті — мұғалімнің қоғамдағы беделін және мәртебесін мейлінше арттыру.

Тағы бір мәселе. Маңғыстауда балалар сапасыз тамақтан ұланып қалғанын білесіздер. Осы сұмдық жағдайдан кейін мектептегі тамақтың сапасын қадағалау жұмысын Денсаулық сақтау министрлігі толығымен өз міндетіне алды. Бұл өте дұрыс шешім болды. Жалпы, білім саласы — мемлекет үшін стратегиялық мәні бар сала. Сондықтан құзырлы мемлекеттік органдар білім саласындағы мәселелерден сырт қалмауы керек.

akorda.kz

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ОЛИМПИАДА ЖЕҢІМПАЗЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Олимпиада жеңімпазы Елдос Сметовпен кездесіп, оның тарихи жеңісін, спорт саласындағы табандылығы мен қажырлы еңбегін жоғары бағалады.

— Олимпиада ойындарында көк туымызды көкке көтеріп, халқымызға тарихи алтын медаль сыйлаған зор жеңісіңізбен шын жүректен құттықтаймын. Дзюдо күресінен Қазақстанның алғашқы алтын медалін алу — ұлт жадында алтын әріппен жазылатын ерлік. Жеңісті жалғастырып, келесі Олимпиада ойындарында, Әлем чемпионаттарында жеңіс тұғырынан көрініп, ел мерейін асқақтата беруіңізге тілектеспіз.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Спортшыларымыздың ерлігі — ел рухын көтеретін, ұлт бірлігін нығайтатын маңызды фактор» деп атап өткен болатын. Сіздің жеңісіңіз — осы сөздің жарқын дәлелі.

Жанқиярлық еңбегіңіз бен табандылығыңыздың нақты нәтижесі. Сіз — тек спортшы ғана емес, миллиондаған халықтың мақтанышы,

жастарымыз үлгі тұтар азаматсыз.

Үш бірдей Олимпиада ойындарынан медаль иелену — кез келген спортшыға бұйыра бермейтін үлкен жетістік. Алдағы уақытта да биік белестерді бағындырып, еліміздің спорт саласын жаңа деңгейге көтеретініңізге сеніміміз мол, — деді облыс әкімі.

Басқосуда Елдос Бактыбайұлы аймақ басшысына көрсетілген құрмет пен сенім үшін алғысын білдірді. Алдағы уақытта да ел намысын абыроймен қорғайтынын, жас спортшыларға үлгі болып, ел спортының дамуына өз үлесін қосатынын жеткізді. Сонымен қатар, өңірде бұқаралық спорт пен жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған бастамаларға қолдау көрсетуге дайын екенін атап өтті.

/// НАЗАРДАҒЫ НЫСАН

«ДОСТЫҚ ҮЙІ»: ҚҰРЫЛЫС БАҚЫЛАУДА

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жауапты сала басшыларымен бірге жаңадан бой көтерген «Достық үйінің» құрылыс жұмыстарын көрді.

Ассамблеяның 30 жылдығы аясында «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» қолдауымен 3 млрд 800 млн теңгеге «Достық үйі» жаңадан салынууда. Мердігер мекеме — «Астана Сервис ЛТД» ЖШС. Құрылыс 11 сәуірде басталды, бүгінде бірінші және екінші қабаттың колонна-ригельдері құйылып бітті, екінші қабаттың жабын плитасы қойылуда. Цокольді қабаттың ішкі инженерлік желілері, сылақ жұмыстары, сыртқы инженерлік желілері жүргізілуде. Нысан басында 5 техника, 62 адам жұмысқа жұмылдырылған. Құрылысты қараша айында толық аяқтау жоспарда тұр. Ғимарат ашық кеңістік астында түрлі форумдар, лекциялар, көрмелер, концерттер және т.б. іс-шаралар өткізуге арналған. Күн сәулесінен қорғайтын өрнектері бар сәндік панельдермен перфорацияланған. Офис бөлмелері екінші және үшінші қабаттарда орналасады.

Аймақ басшысы құрылысқа қойылатын басты талап сапа екенін атап өтіп, жұмысты белгіленген мерзімде аяқтауды тапсырды.

Айта кетейік, Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауымен аймақта құрылыс

қарқынды жүріп жатыр. Облыс бойынша 166 млрд 800 млн теңгеге 96 жобаның құрылысы жүруде. Қызылорда қаласында қуаттылығы 240 мегаваттық жана жылу-электр орталығының құрылысы жылдың соңына дейін аяқталып, ел игілігіне пайдалануға беріледі деп күтілуде. Оңтүстік өңірлерде электр энергиясының тапшылығын болдырмау мақсатында, қуаттылығы 1100 МВт, құны 892 млрд теңге бу-газ қондырғысын салу келісілді. Бұл мегажоба 2028 жылы толығымен іске қосылады.

Жақында облыс орталығында балалар мен жасөспірімдерге арналған, құны 11 млрд теңге «Сыр жұлдыздары» шығармашылық-инновациялық академиясы өз жұмысын бастады. Физика-математика бағытындағы «Білім-инновация» лицей-интернаты, Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжінің жана ғимараттары ел игілігіне берілді. Облыстық тарихи-өлкетану музейі салтанатты түрде ашылды. Президент қолдауымен Қызылорда қаласында 26 млрд 500 млн теңгеге 11 мың орындық жана стадион, «Қазақстан халқына» қорының демеушілігімен 2 млрд 900 млн теңгеге мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған денешынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы қарқынды жүруде. Сыр жұртшылығы асыға күткен нысандар алдағы қыркүйек айында ашылады.

Облыс орталығындағы құны 20 млрд 500 млн теңге болатын көпбейінді «Қызылорда Арена» спорт кешенінің құрылыс алаңында да қызу жұмыс атқарылууда.



ТОП МҮШЕЛЕРІНЕ ТІЛЕКТЕСТІК БІЛДІРДІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «BELLUCCI» тобының мүшелері мен продюсерлерін қабылдады. Кездесуде шығармашылық ұжымға сәттілік тілеп, Қызылорда өңіріндегі бастамаларды республикаға танытуға қосқан үлесі үшін «Сыр жұлдыздары» арнайы дипломын табыстады.

— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Еліміздің келешегі ойы ұшқыр, терең білімді, заманауи көзқарастағы жастардың қолында» деген болатын. Сыр өңірінде көшбасшы, озат, ғылым мен білімге құштар жастарымыз өте көп.

Өздеріңізге белгілі, біздің аймақтан талай таланттар түлеген. «KZO 11» заманауи әуенін орындаушы ретінде сіздердің жетістіктеріңізді әлеуметтік желіден, телеарналардан көрдік. Жастар арасында жоғары танымалдыққа ие болып, көпшіліктің құрметі мен қошеметіне бөлендіңіздер.

Әлеуметтік желіде өздеріңіздің әндеріңіз арқылы Қызылордада соңғы уақытта атқарылған ауқымды істер мен маңызды жобалар кеңінен насихатталуда. Өз шығармашылықтарыңыз арқылы аймағымыздың, Сыр өңірінің абыройын асқақтатуға зор үлес қосып келесіздер. Еңбектеріңіз жемісті болсын, — деді облыс әкімі.

Кездесу соңында топ мүшелері мен продюсерлер аймақ басшысына шынайы ризашылық білдіріп, бүгінгі қабылдаудың шығармашылыққа үлкен қолдау екенін атап өтті.

2023 жылдың 26 мамырында құрылған «BELLUCCI» тобы бүгінде қазақстандық рэп жанрын қарқынды дамытып, тыңдармандардың зор қызығушылығына ие болуда. Топ Алматы қаласында жұмыс істейді және елімізге танымал Jamal & Ganja продюсерлік лейблның құрамына енген.


Білікті продюсерлердің кәсіби қолдауының арқасында «BELLUCCI» шығармашылық тұрғыда өсіп, студиялық жазбалар мен музыкалық продакшн сапасын жаңа деңгейге көтеріп келеді.

Топтың шығармашылығы музыкалық платформаларда кеңінен таралып, тыңдарман жүрегінен орын тапты. «Ideal» атты синглы жүздеген мың көрілім жинап, Қазақстандағы үздік музыкалық парадтар қатарына енді.

Сондай-ақ «Көбелек» трегі мен Ghetto Dogs тобымен бірлесіп жазған «KZO 11» коллаборациясы да үлкен табысқа жетіп, тыңдармандардың ыстық ықыласына бөленді.

«СБ» ақпарат

ЫНТЫМАҚ ҰЙЫСҚАН ЖЕРДЕ



– Ардақ Әбдіғәппарұлы, өзіңіз білесіз, ел экономикасын көтеруде шағын және орта кәсіпкерліктің елеулі ықпалы бар. Ауданда бұл бағыттағы жұмыстар қай деңгейде жүріп жатыр?

– Расында қазір көзін тапқан адамға кәсіпкерліктің тиімділігі зор. Оның үстіне уақыт талабынан қалыс қалуға болмайды. Сондықтан кейінгі жылдары аудан тұрғындары кәсіпкерлікке бейімделе бастаған. Әсіресе шағын кәсіпкерлік арқылы шаруасын шырық үйіріп, халыққа қызмет көрсетіп отырғандар қатары артып келеді. Соның көрінісі, биылғы жылдың алғашқы жартысында шағын және орта кәсіпкерлік субъекті саны 2786-ға жетті. Оның 2680-і немесе 96 пайызы нақты жұмыс істеп тұр. Дәлірек айтсақ, қаржы институттары арқылы кәсіпкерлер ұсынған 127 жоба 2,4 млрд теңгеге қаржыландырылып, 135 жаңа жұмыс орны ашылды.

Мемлекет басшысының ауылдық жерлердегі тұрғындардың табысын арттыру туралы тапсырмасына сәйкес 2023 жылдан бастап қолға алынған «Ауыл аманаты» жобасын іске асыруға ынталы азамат аз емес. Сөзіміздің дәлелі, биыл «Байқоңыр әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ арқылы аталған жоба аясында 109,4 млн теңгені құрайтын 22 жоба қаржыландырылып, 24 жұмыс орны құрылды. Атап айтқанда, өңдеу бағытында 13 жоба, асылтұқымды мал бағытында 5 жоба, ара балы өндірісі 1 жоба, басқа да бағыттар бойынша 3 жоба іске асырылды. Айта кетейік, бағдарлама арқылы алғашқы кадамын бастаған шағын кәсіпорындардың алға қойған жоспары ауқымды. Бүгінде жұмысын бастаған «Еңбек» ауылындағы «Акерке тәттілері» шағын кондитерлік кәсіпорны, Бұқарбай батыр ауылындағы пескоблок өндірісі – қазіргі нарық талабына сай, халықтың да сұранысына лайықты жобалар.

Өңірде өндірістік жобаларға да басымдық беріліп келеді. Атап айтқанда, Ұлттық цифрлық инвестициялық платформаға аудан бойынша жалпы құны 2,2 млрд теңгені құрайтын 6 жоба енгізілді. Бұл жобалар аясында өңдеу саласы бойынша күріш ақтау, кондитерлік өнімдер шығару, арнайы киімдер дайындау, мақсарыдан май, жүгеріден ұн, күріштен лапша өнімдерін шығаратын цехтар іске қосылып, 47 жаңа жұмыс орны ашылады деп жоспарланып отыр. Осы қатарда «Ер Әлі» ШҚ-ның «Күріш ақтау және жем өндіру» зауыты, «Таң LTD» «Өндірістік база құрылысы», «Бейбарыс» жеке кәсіпкерлік құрылымының «Кондитерлік өнімдер шығару» цехы, «Өркен Әлемы» ЖШС-ның өндірістік цех құрылысы, «Агрохимсервис-С» ЖШС-ның қоймалар құрылысы, т.б жобаларды айтуға болады. Бүгінде аталған жобалар іске қосыла бастады.

Жыл аясында облыс аумағындағы өнім өндірушілердің қатысуымен «Қазақстанның үздік тауары – 2025» көрме байқауы өткенін білесіздер. Байқауға экономиканың түрлі саласынан 67 тауар өндіруші қатысып, 9 жеңімпаз анықталды. Оның қатарында «Үздік азық-түлік тауарлары» аталымы бойынша Жалағаш ауданына қарасты «Таң LTD» күріш өндіруші серіктестігі жеңімпаз деп танылды. Айта кетейік, аудандағы «Таң LTD», «Ер Әлі» ШҚ, «Құрманбай ата» ШҚ, «Сәрке батыр», «Байтабын» серіктестіктері – ауыл шаруашылығында көпжылдық тәжірибесі бар, халыққа тұрақты қызмет көрсетіп келе жатқан құрылымдар.

– Ауыл шаруашылығы – аудандағы аса маңызды әрі жауапты сала. Олай дейтініміз, аймақ брендіне айналған ақ күрішті өсіруде аудан дикандары еселі еңбек етіп, өнімнің көлемін ғана емес, сапасын арттыруға да күш салып келеді. Бүгінде бұл салада қандай жаңалықтар бар?

– Иә, ауыл шаруашылығы – өңір экономикасының негізгі саласының

айналысады. Ауыл шаруашылығы дақылдарының бекітілген сызбасына сәйкес биыл 37149 гектар жерге егін егілді. Оның ішінде негізгі дақыл – күріш көлемі 19764 гектарды құрады.

Жердің, судың жайына қарай ауданда егін алқабын әртараптандыру жұмыстары жалғасуда. Мысалы, суды аз қажет ететін дақылдар көлемі өткен жылмен салыстырғанда 167 гектарға көбейді. Ерте көктемнен бастап егілген



гектарды құрайтын 15 жер учаскесі жеке иеліктен мемлекет қорына қайтарылды. Осы орайда ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді қайта айналымға енгізуде жалпы көлемі 1803 гектарды құрайтын 7 жер учаскесі заңды тұлғаға табыс етілді.

Ауданда жеке тұрғындардың қартоп, сәбіз, қауын-қарбыз, қызанақ-қияр сияқты күнделікті тұтынатын бақша дақылдарын егуіне шаруашылықтар есебінен 500 гектар жаңадан жер дайындалып берілді. Жасыратыны жоқ, қазір сырттан тасымалданатын азық-түлік пен көкөністің бағасы қымбат. Осы орайда бақшалық өнімі тұрғындардың өз-өзін қамтамасыз етуіне сеп болары сөзсіз.

– Қазір қай ауылға барсақ та, жол қатынасы, көшелердің сапасына байланысты мәселе көп айтылады. Ауданда автожолдардың жайы қалай?

– Аймақ басшысының қолдауымен, яғни, облыстық бюджеттің қаржыландыруымен, қазір ауданда жол құрылысы қарқынды жүргізілуде. Айталық, биыл жол саласын дамытуға бюджеттен 1 млрд 731 млн теңге бөлінді.

Бұл қаржыға 2,3 шақырымды құрайтын аудандық маңызы бар «Ақсу – Беркімбай қалпе» автомобиль жолы, Жалағаш кенті және 6 елді мекен бо-

кендер арасын жалғайтын негізгі күрежолдардың барлығы күрделі жөнделуден өтті. Сондай-ақ биылғы жол жөндеу жұмыстары толық аяқталғанда жақсы және қанағаттанарлық ішкі жолдардың үлесі 88 пайызды құрайды. Бұдан бөлек, ауданның жол саласы бойынша 3 млрд 394 млн теңгені құрайтын 13 жобаны қаржыландыруға бюджеттік өтінім жолданды.

– Тіршілік тетігі – ауызсу, электр жарығы, газ. Аудандағы атап айтарлық жаңалықтың бірі – көпшілік «көгілдір отынға» қол жеткізді. Бұл жұмыстың жалғасы қалай жүріп жатыр?

– Аудан халқы 100 пайыз орталықтандырылған ауызсумен қамтылған. Десек те ауызсу жүйесі ескірген елді мекендер бойынша қайта жаңғырту жұмыстары қолға алынып жатыр. Мысалы, биыл Есет батыр елді мекеніндегі ауызсу жүйесін қайта жаңғырту бойынша бюджеттен 38 млн теңге бөлініп, құрылыс-монтаждау жұмыстары басталды.

Аудан бойынша электр желілерінің жалпы ұзындығы 457,5 шақырым, оның 32,5 пайызы тозған. Осыған сәйкес Жалағаш кенті, «Еңбек», М.Шәменов ауылдарының электр желілеріне жөндеу жұмыстарын жүргізуге демеушілер есебінен жоба-сметалық құжат дайындалып, бюджеттен қаржыландыруға ұсынылды. Айта кетейік, ауданда электр жарығына байланысты мәселе әлі де өзекті. Өйткені, жыл сайын елімізде электр энергиясын тұтынушылар саны бірнеше есе артып келеді. Сондықтан тозығы жеткен желілерді толық жаңартып, сапалы қызмет ұсынуды жолға қою – кезек күтірмейтін мәселенің бірі.

Иә, бүгінде аудан халқының 50 пайызы «көгілдір отынның» игілігін көріп отыр. Жалағаш кенті орталығы түгел қамтылған. Бүгінде елді мекендерді табиғи газға қосу жұмыстары жалғасуда. «Қаракеткен» және Далдабай елді мекендерін газдандыруға 1 млрд 178 млн теңгеге мемлекеттік сатып алу конкурсы жарияланып, жеңімпаз мекеме анықталды. Сонымен қатар, Бұқарбай батыр елді мекенін газдандыру бойынша демеушілер есебінен жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, бюджеттік өтінім салалық министрлікке ұсынылды.

– Әлеуметтік саланың бүгінгі жай-күйі қандай?

– Әлеуметтік салаға келер болсақ, оң серпін бар деп айтуға болады. Оның ішінде халықты жұмыспен қамту, жаңа жұмыс орындарын ашу – басты міндет.

Ұлттық жоба аясында биыл 16 жоба арқылы 175 адамды жұмыспен қамту жоспарланса, қазір 7 жоба бойынша 103 адам жұмыспен қамтылып отыр немесе жоспар 59 пайызға орындалды. Сонымен қатар, ауданда әлеуметтік жағынан осал отбасылардың мүшелеріне қайырымдылық шаралары үнемі жүргізіліп келеді. Жыл басынан бері тұрғындарға 60 млн теңгеге жуық қаражатқа қайырымдылық шаралары ұйымдастырылды.

Ауданда жұмыссыздықты азайту үшін кәсіпкерлікті дамыту, жаңа бизнес бастамаларына қолдау көрсету бағытында тиісті шаралар қолға алынууда.

Білім саласы бойынша 2024-2025 оқу жылын 20 мектептен 6603 оқушы бітірді. Оның ішінде 11-сыныпты 450 түлек аяқтап, білім деңгейі жоғары 16 бітіруші «Алтын белгі», 48 бітіруші «Үздік аттестат» иеленді.

Бүгінде балаларға қосымша білім мен тәрбие берудің маңызы зор. Бұл мақсатта аймақта ауқымды жұмыс атқарылып, жас өрендер игілігін көруде. Соның бір дәлелі, ауданда заман талабына сай «Оқушылар үйі» пайдалануға беріліп, балалар мен жасөспірімдерге қызмет көрсетіп отыр. Қазір мұндағы 18 үйірмеде 630 бала, «Өнер мектебіндегі» 7 үйірмеде 160 бала білім алса, №202 орта мектеп жанындағы қосымша білім беру орталығындағы 5 үйірмеге 395 бала, аудандық спорт мектептеріне 1170 бала қамтылған. Бұған қоса, мектеп-шілдік 669 үйірмеде 4058 бала, кент орталығындағы №201 мектеп-лицей жанындағы «Мурагер» оркестр сыныптарында 140 бала бар. Жалпы білім алушылардың 90 пайыздан астамының түрлі үйірмелерде қосымша білім мен тәрбие алуына жағдай жасалған.

2025-2026 оқу жылына дайындық барысында 5 мектепке жай жөндеу жұмыстары жүргізілсе, 3 мектептің жанынан жаңа ойын алаңдары салынып, 2 мектептің ойын алаңдары күрделі жөндеуден өткізілді. Сонымен қатар, оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында барлық білім беру ұйымдары 100 пайыз бейнебақылау жүйесімен қамтылып, полиция бөлімімен интеграция жасалған. Ауданда денсаулық сақтау саласы жылдан жылға дамып келеді. Аудан орталығындағы соңғы үлгідегі аурухана, жаңа типтегі емхана тұрғындардың денсаулығын жақсартуға, аурудың алдын алуға оң ықпал етуде. Сонымен қатар, биыл республикалық бюджет есебінен «Қаракеткен» ауылдық округінде жоғары технологиялық медициналық құрал-жабдықтармен жасақталған дәрігерлік амбулатория ел игілігіне берілді.

Мәдениет саласында да маңызды жобалар іске асырылуда. Аудан үшін



бірі. Аймақтың табиғи-климаттық және топырақ ерекшеліктеріне қарай бұл сала толығымен суармалы егіншілікке, оның ішінде күріш егісіне бейімделген. Жалпы күріш өндірісінде жалағаштықтардың көп жылғы тәжірибесі бар. Соның айғағы, жыл сайын межелеңген жоспардан артық өнім жиналып, Сыр салысының сапасы да жоғарылап келеді. Өрине, осындай нәтижелі жұмыстардың елдің әлеуметтік жағдайының жақсаруына да әсері бар. Бұдан бөлек, дәстүрлі салада еңбек ете жүріп, абырой мен даңққа бөленген дарабоз дикандардың, Еңбек Ерлерінің есімі бүгінгі ұрпақтың жадында.

Бүгінде ауданда 338 шаруашылық бар. Оның 202-сі (59,7%) егінмен және 136-сы мал шаруашылығымен (40,3%)

дәнді дақылды жауын-шашынға қалдырмай, дер кезінде жинап алу да жауапты әрі қауырт жұмыс. Сол себепті биыл шаруашылықтар тарапынан 200 млн теңгеге 14 техника сатып алынды.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, аудандағы шаруашылық құрылымдарының 40 пайыздан астамы мал шаруашылығымен айналысады. Қазір ауданда есеп бойынша 34385 бас мүйізді ірі қара, 29520 бас уақ мал, 32 184 жылқы, 752 бас түйе, 9721 бас құс өсірілуде. Айта кетейік, өткен жылмен салыстырғанда, төрт түлікте өсім бар.

Ауыл шаруашылығы саласы бойынша атқарылған нәтижелі жұмыстардың тағы бір көрінісі – пайдаланылмай жатқан және пайдалану барысында заң талабы бұзылған 8753

жойынша 21 шақырымды құрайтын 38 көшеге жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Дәлірек айтсақ, Жалағаш кентінің 11 көшесі, сонымен бірге, Бұқарбай батыр, М.Шәменов, Қаракеткен, Далдабай, «Аққыр», Еңбек ауылдары бойынша автомобиль жолдары мен ішкі көшелер күрделі және орташа жөндеуден өтеді.

Расында кент және ауылдардағы көшелердің басым бөлігі көп жылдан бері жөндеу көрмеген. Бұған байланысты тұрғындар тарапынан да үнемі ұсыныстар айтылатын. Биылғы жоспарға сәйкес 38 көше жөндеуден өтсе, көптің көкейіндегі өзекті мәселенің біршама шешімін тапқаны деп айтуға болады. Осы жұмыстардың нәтижесінде аудан мен елді ме-

ЫРЫС пен БЕРЕКЕ БАР



ең ауқымды жобалардың бірі, аймақ басшысының қолдауымен жалпы құны 1,6 млрд теңгені құрайтын «Руханият орталығы» пайдалануға берілді. Аталған ғимаратта музей, кітапхана, мұрағат, неке кино залы, ардагерлер және аналар кеңесі, жастар орталықтары, азаматтық қоғам өкілдері мен тарихи-мәдени, рухани ұйымдар біріктірілген. Айта кетейік, бір орта-

Сонымен қатар, «Қазақстан халқына» қоры арқылы «Аққыр» елді мекенінен жалпы құны 175 млн теңге болатын денешынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы аяқталды.

Қазақстан футбол федерациясымен әріптестік байланыс орнатылып, екіжақты меморандумға қол қойылды. Осы орайда орталық стадионның жасанды жасыл алаңы УЕФА-ның «Alan»

аумағына, 21 аллеялар мен саябақтарда көркейту-көгалдандыру, санитарлық тазарту жұмыстары жүйелі түрде атқарылып келеді. Айта кетейік, ел ішінде ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына, халықтың тұрмыс-тіршілігін жақсартуға белсене араласып жүрген демеуші аз емес. Бүгінде олардың көмегімен жалпы құны 261 млн теңгені құрайтын жобалар жүзеге асырылуда.

Жалпы 2025 жылдың бірінші жартысында ауданның экономикалық дамуында оң тенденция қалыптасып, барлық сала бойынша көрсеткіштер алдын ала жасалған болжамнан біршама жоғары деңгейде орындалды. Нақтырақ айтқанда, өнеркәсіп өнімінің көлемі 139,3, өңдеу өнеркәсібі 222,3, инвестиция тарту 102,1, бөлшек сауда 101,2, ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 102,5, тұрғын үй көлемі 105,3, құрылыс жұмыстары 111,5 пайызға орындалып, аудан тұрғындарының тұрмыстық әлеуетін көтеруге тиісінше ықпал етті.

Осы жылға бекітілген аудан бюджеті 9,3 млрд теңге көлемінде қалыптасып, жыл көлемінде 10,9 млрд теңгеге нақтыланып, бірінші жартыжылдықта жоспарланған бюджет 100 пайызға орындалды.

Әрине, бұл – ауданның негізгі көрсеткіштері. Осындай еңбектің жасалу жолында бірлік пен ынтымақтың басты тірек екенін жақсы білесіздер. Ертеден елдікті үндеп, шаруаны күйттеп, та-

лыққа шоғырландыру арқылы кейбір мәдени ошақтардың шетін қалған мәселесі шешімін тапты.

2025 жылы «Адал адам» мәдени-тәрбие орталығы жобасы аясында түрлі форматтағы іс-шаралар өткізілді. Оның ішінде, Ұлы Жеңістің 80 жылдығы, Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы жоғары деңгейде атап өтілді. Сонымен қатар, Қызылорда қаласының астана болғанына 100 жыл толуына орай «Тарихтың танбасы, рухтың ордасы – Қызылорда» тақырыбымен өткізілген облыстық өнер байқауында жалағаштық өнерпаздар жүлделі 2-орын иеленді.

Ауданда есепке алынған 61 тарих және мәдениет ескерткіштерінің 1-і республикалық маңызы бар, 57-сі жергілікті маңызы бар, 3 алдын ала есепке алу тізіміне енгізілсе, 17 ескерткішке QR-код тактайшалары орнатылды. Мәдени ескерткіштер санатындағы Мырзабай ахун мешіті демеушілік есебінен жөндеуден өтіп, Мырзабай ахун жерленген орынға консервациялау жұмыстары жүргізілді. Бұл игілікті істі «Таң ЖТД» ЖШС атқарды.

Спорт саласындағы жетістіктер де аз емес. Бүгінде 14 мыңға жуық аудан тұрғыны бұқаралық спортпен тұрақты түрде айналысуда. Бұл жанпы тұрғындардың 40,5 пайызын құрайды. Аудан спортшылары әлемдік және Азия чемпионаттары мен облыстық жарыстарда әртүрлі деңгейдегі 160 медаль алып, жоғары жетістіктерге қол жеткізуде. Бүгінгі күнге халықаралық дәрежедегі спорт шебері – 1, I разрядты спортшы – 10, спорт шеберіне үміткер саны 9-ға жетті.

«Ауыл – ел бесігі» аясында кент орталығында жоба құны 471 млн теңгені құрайтын денешынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы аяқталып, ел игілігіне пайдалануға берілді.

жобасы негізінде қайта жаңғыртылмақ. Жүзеге асатын жобаның жалпы құны – 180 млн теңге. Құрылыс жұмыстары жақын күндері басталып, жыл соңына дейін аяқталады деп күтілуде.

Ауданда қарқынды іске асырылып жатқан жұмыстардың бірі – «Өңірлерді

Ауданда қарқынды іске асырылып жатқан жұмыстардың бірі – «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы арқылы бюджеттен 155 млн теңге қаржы қаралып, Жалағаш кенті мен 14 елді мекенде абаттандыру және санитарлық тазарту жұмыстары жүргізілуде. Бұдан бөлек, Президент бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында кент және ауылдық округтерде 17 су жүретін канал тазартылып, 43 әлеуметтік нысанға, 7 тарихи-мәдени ескерткіш аумағына, 21 аллеялар мен саябақтарда көркейту-көгалдандыру, санитарлық тазарту жұмыстары жүйелі түрде атқарылып келеді. Айта кетейік, ел ішінде ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына, халықтың тұрмыс-тіршілігін жақсартуға белсене араласып жүрген демеушілер аз емес. Бүгінде олардың көмегімен жалпы құны 261 млн теңгені құрайтын жобалар жүзеге асырылуда.

дамыту» бағдарламасы арқылы бюджеттен 155 млн теңге қаржы қаралып, Жалағаш кенті мен 14 елді мекенде абаттандыру және санитарлық тазарту жұмыстары жүргізілуде. Бұдан бөлек, Президент бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында кент және ауылдық округтерде 17 су жүретін канал тазартылып, 43 әлеуметтік нысанға, 7 тарихи-мәдени ескерткіш

тулықты ту өтіп келетін ағайынның ісі өрге жылжығаны – бәріміз үшін қуаныш. Сол жолда жұмыла берейік дегім келеді.

– Сұхбатыңызға рахмет! Жаксы бастамалар жемісті болсын!

Сұхбаттасқан
Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»



/// ДЕПУТАТ МІНБЕРІ



Аймақтың қоғамдық-саяси ахуалын жақсарту мен өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму жолында оң шешім қабылдауда мәслихат депутаттарының қосқан үлесі аз емес. Бұқара мен билік арасында дәнекер болу, өзіне артылған жауапкершілік үдесінен шығу – депутаттың басты міндеті. Сол абыройлы міндетті адал атқарып жүрген халық қалаулысының бірі, облыстық мәслихаттың экология, өндіріс, шаруашылық және кәсіпкерлікті дамыту мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы Бауыржан Сандыбаев.

Бауыржан Сандыбаев, облыстық мәслихат депутаты:

ҚЫЗМЕТ ТЕК МІНДЕТ ЕМЕС, ОЛ – АМАНАТ

– Бауыржан Тұрсымбайұлы, облыстық мәслихат депутаты әрі тұрақты комиссияның төрағасы ретінде елдік мәселелермен етене танысыз. Тұрақты комиссияның міндетіне не кіреді?

– Басты міндет – еліміздің, Сыр өңірінің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға бағытталған жергілікті биліктің барлық игі бастамаларын қолдап, бірлесе жұмыс атқару және өкілеттік шеңберінде түрлі өзекті мәселелерді шешуге ықпал ету. Комиссияның құрамында 15 депутат бар. Мұнда негізінен экология, өндіріс, шаруашылық және кәсіпкерлікті дамыту мәселелері қаралады. Сондай-ақ тиісті басқармалар мен мекеме басшыларының атқарып жатқан жұмыстары тыңдалып, жан-жақты талқыланып, сол бойынша қаулы қабылданады. Одан бөлек мәслихат депутаттарымен бірге өңірдегі атқарылып жатқан құрылыс, тариф мәселесі, тұрғын үй, жол құрылысы болсын, барлық маңызды жобаларды бақылап ондағы кемшіні түстарын ретке келтіру, елімізде қабылданған түрлі бағдарламалардың уақытылы әрі сапалы орындалуын қадағалап, ұсыныс-тілектерді тыңдау арқылы оң шешім қабылдауға жұмыс жасап келеміз.

– Сіз «Ақ жол» демократиялық партиясының облыстық филиалына төрағалық етесіз. Мұндай қызметтерді қатар алып жүру қиын емес пе?

– Расымен, депутат болу – халықтың сенімі, аманаты болғандықтан үлкен жауапкершілік. Бірақ мен үшін қиын емес, керісінше жеңіл. Себебі, екеуінің де бағыты бір, халықпен байланыс орнату, елдің игілігі жолында жұмыс атқару. Өзінің халыққа қызмет етсем деген ниетінен туған жұмыс болған соң тұрғындармен кездесу, мәселе көтеріп, оны шешу ынталандырып отырады. Сондықтан екі міндетті де жауапкершілікпен атқаруға болады. Ал партияның атқарып жатқан жұмысына тоқталсам, жыл басынан бері 156 шара өтті. 46 рет қоғамдық қабылдау болды. Облыстық филиал түрлі мерекелер қарсаңында әртүрлі деңгейде қоғамдық, әлеуметтік шаралар өткізіп отырады және тұрмысы төмен отбасылар мен мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қайырымдылық көмектер беріп келеді. Партия тарапынан сайланған әрбір мәслихат депутаттары сайлаушыларды толғандыратын мәселелерді тыңдап, оны іске асыруға барынша жұмыс жасауда.

– Сіздің тараптан қоғамдық қабылдау қаншалықты жиі өтеді? Тұрғындар қандай мәселемен келеді?

– Комиссия төрағасы, депутат ретінде де тұрғындармен кездесуді жиі өткіземін. Белгіленген кесте бойынша да, басқа уақытта да кез келген сайлаушы үшін уақыт тауып, ұсыныс-тілектерін тыңдаймын. Алдыма келген әрбір адамның мұң-мұқтажына қолымнан келгенше көмек беруге тырысамын. Қазіргі қабылдауға келетіндердің көпшілігі әлеуметтік мәселелерді, оның ішінде жұмыспен, баспанамен қамту бойынша сауалдар жолдайды. Сондай-ақ газдандыру, жарық, жол мәселесін де көтереді. Дегенмен біздің өңірде бұл айтылған мәселелер бойынша жүйелі жұмыс жасалуда. Мәселен, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту шеңберінде қаншама мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асып, кәсіп бағдаймын деген жандарға мүмкіндіктер беріледі. Инфрақу-

рылым жұмыстары да қарқынды жүруде. Бастысы, берілген мүмкіндіктерді тиімді пайдалана білсек болғаны. Жалпы тұрғындармен жиі кездесіп, барынша бағыт-бағдар беріп тұрамын.

– Өзіңіз айтып өткен қайырымдылық шараларына жиі қатысасыз ба?

– «Қайырымдылық жасасаң, қайырын өзің көресің» дейді қазақ. Иә, жоқ-жігітке қарасу, жылағанды жұбату, сүрінгенге сүйсеу болу халқымыздың бойында ежелден бар қасиет. Адам бар жерде тұрмыстық түйткілдердің тұмауы мүмкін емес. Көптің мәселесін қара бастың қамынан жоғары қойған халықпыз ғой. Сондықтан партия тарапынан әлеуметтік осал топтарға, тұрмысы төмен отбасыларға қайырымдылық жасап тұрамыз. Жеке өзіме келсем, жиі жасаймын. Бірақ хадисте «оң қолың бергенді сол қолың білмесін» деген жақсы сөз бар. Сол себепті жария еткім келмейді, елге жасаған жақсы ісінді өзің ғана білсең, соның өзі жетеді.

– Мәслихат депутаттығы – билікке жақындаудың амалы ма, әлде кәсіпкер үшін жаңа мүмкіндік пе?

– Мен үшін бұл – ең алдымен ел мүддесі жолында адал қызмет етуге берілген мүмкіндік. Адам баласы қолынан келсе, халықтың мұң-мұқтажына құлақ асып, қол ұшын созуды қалайды деп ойлаймын. Иә, кәсіпкер ретінде өз ісімді дөңгелентіп, отбасыма жеткілікті жағдай жасап, тыныш өмір сүре беруіме болады. Бірақ тек өз қамын ойлау жақсы атак емес. Бұл менің өмірлік ұстанымыма да сай келмейді. Қайратым барда, күш-жігерім бойымда тұрғанда, елге қызмет етіп, жұртқа пайдамыз тигізуді парыз санаймын. Сол мақсат-ниетім мені осы қызметке жетеледі.

– Бауыржан Сандыбаевтың депутаттық қызметін сын көзбен қалай бағалайсыз? Өзіңізге жиі есеп бересіз бе?

– Депутаттық қызметімнің басты төрешісі – халық. Қоғамның бағасы мен сенімі мен үшін ең әділ өлшем. Дегенмен менін алғашқы әрі ең қатаң сыншым – өзім. Күн сайын атқарған ісімді сараптап, өз-өзіме сұрақ қоямын: «Бүгін не істедім? Қандай мәселені шештім? Не нәрсе назардан тыс қалды? Қай жерде қателік жібердім?» деп ой елегінен өткіземін. Бұл – өзімді ұстайтын ішкі тәртіп әрі халық алдындағы адалдығымның кепілі. Мен үшін қызмет – тек міндет емес, ол – аманат. Сондықтан әр күнімді есептеп, әр қадамымды салмақпен жасаймын.

– Алдағы жоспарыңызбен бөліссеніз...

– Ең әуелі сессияда қаралған мәселелердің оң шешім табуына бар күшімді саламын. Халықпен жиі жүздесіп, түрлі өзекті тақырыптар төңірегінде ашық пікір алмасу, әрбір тұрғынның жеке мәселесін назардан тыс қалдырмау – басты міндетім. Комиссия төрағасы ретінде әріптестеріммен бірге өңірдегі ауқымды жобалардың ойдағыдай жүзеге асуына үлес қосу, қажетті кезде рейдтерге шығып, жағдайды көзбен көріп, шешім қабылдауға атсалысамын. Маған жүктелген ең үлкен жауапкершілік – халықтың сенімін ақтау. Бұл жолда адал еңбек етіп, әр қадамымды ел мүддесіне бағыттауды мақсат етемін.

Сұхбаттасқан
Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы»

Қазіргі таңда Шиелі поселкесінде тұратын көнекөз қария, құймақұлақ ақсақал Әлсеріков Әбдіраманның басшылығымен 2016 жылы «Тұрсынбай датқа» атты кітап ел ауызындағы дәйектер мен архивтік деректер арқылы жарыққа шыққаны белгілі. Осы жолдардың авторы біздер, кітап шықса да зерттеу мен ізденісті тоқтатпай келеміз. Осындай ізденістің нәтижесінде жуырда тың деректерге қол жеткіздік. Тұрсынбай датқа туралы «О слухах и событиях в Средней Азии» атты 1916 жылы Қарағанды қаласында басылған 798 беттік кітаптың көшірмесі қолымызға тиді.

Бұл кітапта 1853 жылы орыстар Ақмешіт қорғанына шабуылдап, Қокан хандығының билігін Жөлектен әрі асырып жібергені айтылған. Сол шабуылда орыстар «Жөлек» қорғанын тас-талқан етіп бұзған. Содан коқандар қорғанды тастап қашып, «Жанақорған» бекетіне барып бас сауғалаған. Сол кезеңдегі орыстың сенімді өкілі, сарай қызметшісі Осмоловский 1853 жылдан бастап 1863 жылғы аралыққа дейін, әр 10 күн сайын Орта Азияның Қокан, Бұхар, Хиуа хандықтарындағы саяси жағдайдың ахуалы туралы деректер жинақтап, Орынбор, Перовск генерал-губернаторларына есеп беріп отырған.

Кейіннен сол деректерді «О слухах и событиях в Средний Азии» атты кітап етіп жинақтап шығарады. Міне, осы кітапты оқи отырып, сол замандағы есімдері халық аузында қалған Сыр бойының датқалары, батырлары, хан ұрпақтарының деректеріне қанықтық. Соның ішінде Тұрсынбай датқаның осы 10 жыл ішінде атқарған қызметіне жоғары баға берілген. Онда датқа жайында жазылған тың деректерді көшілікке ұсынуды жөн көрдік.

Кітапта Қокан, Бұхар, Хиуа хандықтарында қызмет атқарған хандардың, коқбасшылардың, датқалардың, батырлардың және Орта Азияны жаулауға қатысқан орыс генерал-губернаторлары мен чиновниктеріне, барлығы 55 адамға қысқаша мінездеме берген.

Солардың ішінде 4-ші болып Тұрсынбай Бүркітбайұлына Сырдария линиясының басшысы А.Данзастың, Орынбор корпусының бастығы А.Катенинге 7 қаңтар 1859 ж. №3 рапортында төмендегідей (қазақша аудармасы) мінездеме береді.

«Корпус командирі өткен жылы жазда Сырдария линиясын байқау кезінде Бүркітбаев Тұрсынбай биді медалмен және канжармен марапаттаған. Бұл қыпшақ билеушісі ақылды, «себялюбив, скуп и алчен». Қоқандық жұмыстардың білгірі, қатал мінезді. Ол қыпшақтар арасында әрі коқандықтар арасында да өте беделді. Ол басқарған қыпшақтардың жартысы Жөлек пен Перовск арасында көшіп-қонып жүрсе, жартысы коқандықтар иелігінде. Сондықтан да Тұрсынбай коқандықтар жөнінде сенімді түрде хабар алып тұрады. Ол өте бай әрі пайдаланым, сауда жасайды. Перовск фортындағы базарда (лавкасы) сауда дүкені бар. Біз жақта басымдылық бар кезде ол бізге сенімді әрі біздер жағында болуға құлықтылық білдіреді, ал басқа кезде, басқа жағдайларда бізге берілгендігі күмөнді. Сондықтан Осмоловский мырза оған мейіріммен қарап, ешқандай сенбестік көр-



Сурет атауы: Дерексіз

ТҰРСЫНБАЙ ДАТҚА ТУРАЛЫ ТЫҢ ДЕРЕКТЕР

сетпеуге, сонымен қатар оның барлық қылықтарын бақылап отыру, қандай да бір сенімсіздік жағдайлар орын алғанда ғана оны тез арада ұстауды, сонымен көтерілістің болмауын немесе қарамағындағы елдің көшіп кетпеуінің алдын алу тапсырылды. Осы уақытта Датқаны ұстау жөнінде басқаша тапсырмалардың берілуін орынсыз деп

бір отряд жіберіп оларға жете алмай, осы оқиғада екі адам өлгені, оның бірінің коқандық екенін анықтап, қуғыншылар кері қайтқан.

Ал оқиға болған жерден 30 шақырым әріде Тұрсынбай датқа (жорықтағы офицер), 46-дистанция бастығы Жаңабыл Төлегенов және 45-дистанция бастығы Самартов, құрметті биі

үіптеніп отырғанын хабарлап жазған.

1859 жылдың 6 қаңтардағы ақпарында Қокан билігінен менің атыма (Осмоловский) және қыпшақ билеушісі Тұрсынбай Бүркітбаевқа 4 хат келгенін және датқаға Өтенбай (Қокан-ның қолбасшысы – қыпшақ) арнайы адам жіберіп, (ауызша) қарамағындағы елді Қокан жағына өткізуге келісім сұраған. Егер көктемге дейін өтіп болмаса, көктем шыға коқандықтар көп қолмен орыстарға қарсы шығатынын, ештеңеге қарамай соғысатынын айтып, орыстар жыйлы мәлімет беруін сұраған.

Ал 1860 жылдың 22 маусымдағы хабарында Ұлытау бекінісінен бір күндік жердегі «Тайтөбе» шатқалында Қокан жағынан келген 18 барымташыны Тұрсынбай Бүркітбаев қарамағындағы Хожагелді мыктегін би басқарған қыпшақтар оларды елге жолатпай, қуып тастағанын жазды.

1861 жылдың 15 қаңтарындағы мәлімет бойынша, Түркістаннан келген орыс барлаушысының хабары арқылы Жөлек маңына қоныстанған қыпшақтарды коқандықтар өздеріне тартуға әрекеттенгендері айтылады. Қыпшақ биі Тұрсынбай Бүркітбаев өз елімен өтетін болса, оған қалаған бекеттердің бірінен басқаруға беретіні жөнінде Қокан ханы уәде жасағанын хабарлаған.

1861 жылдың 15 ақпанындағы хабарламада: «Кеше маған (Осмоловскийге) Тұрсынбай Бүркітбаевтың Түркістан маңындағы қырғыздар (қазақтарға) жіберген тыңшысы келіп, төмендегі мәліметтерді беріп кетеді.

«Қолбасшы Қанағаттық коқандықтармен және қазақтармен қайтадан табысты. Онда хан қабылдауында жақсы қабылданып, ол ханға алдағы уақытта орыстардың жаңа жерлерді игеруіне жол бермеуге уәде еткен. Хан оған Қокан хандығындағы ең жоғары «Бектер бегі» деген атақ берген. Ташкент облысының ғана емес, Қокан хандығына қарайтын басқа қорғандардың мүлкін өз еркімен пайдалануға мүмкіндік жасаған. Осыған орай Қанағат алдағы уақыттары орыстардың Жөлек қорғанына қайта соғуларына жол бермейтіндігіне уәде беріп, сол үшін Түркістан бегіне ат сатып алуларына тапсырма беріп, ал өз тарапынан Ташкенттен Түркістанға азық-түлік жібергендігін хабарлаған.

Ал 1861 жылдың 1 сәуіріндегі хабарламада Түркістан бегі мен Жанақорған бегі Хожабекке Жанақорғанға 30 шақырым жерге Жөлек бағытындағы орыс отрядтарын бақылап отыруды тапсырған. Әрі Қокан

бекіністері мен Перовск бекінісі арасында ешқандай қатынастардың болмауын қадағалауға алуды хабарлаған. Содан 1861 жылдың 4 сәуірінде Зауряд-Хорунжин би Тұрсынбай Бүркітбаев осыдан 6 күн бұрын бұлардың «Алатағы» жайлауынан 10 шақырым жердегі Ошақты биі Сапақ Жаншуақов және коқандықтардың 100 қаралы әскері келіп Дөңдібай мен Сағындық басқарған ауылдарды тонап кеткенін хабарлаған. Сондықтан Тұрсынбай өзінің 50 шақты сарбаздарын жинап, тонаушылардың ізіне түсіп, тоналған малдарды тартып алғандықтарын, жау жағынан 3 адам өліп, алтауын тұтқындағанын айтады. Зауряд-хорунжиі Тұрсынбай Бүркітбаевтың айтуынша, бұл шабуыл кезінде қыпшақ Тұрман Орынбаевтың, оның ағасы Өрғараның, Тұрсынбай ұлы Әлмұхамедтің (Әлмембет), қырғыз Рысбай Жангелдиннің, Сапақ Жаншуақовтардың ерекше ерлік көрсеткендіктерін мәлімдеген.

Сондай-ақ 1861 жылдың 8 сәуірінде Жөлек отрядының басшысы генерал-лейтенант Дебу және штаб офицері – майор Болотов Орынбор жеке корпусының басшысы А.Безакқа бұрынғы коқандықтар соққан «Жөлек» қорғанын қайтадан, жаңадан салу үшін құрылыс отрядының жібергені жөнінде хабарлама берген. Сарай қызметшісі Осмоловский осы хабарламадан кейін «Жөлек» қорғанын қайтадан соғуға жіберілген құрылысшы отряд, екі ай мерзімде қорған құрылысын аяқтап бітіргенін мәлімдейді. Қорғанға Тұрсынбай датқаны басқарушы етіп тағайындаған. Осы жылы коқандықтар датқа басқарған өңір қазақтарына қайта-қайта қол жіберіп, шабуыл жасай берген. Осы қорғандағы орыс әскерінің күшін пайдаланып әрі жергілікті қазақтардан әскер жасақтап, «Жанақорған» бекетіне шабуыл жасап, қорғанды жермен жексен етіп қиратып тастайды. Қоқандықтарды әрі қарай Түркістан қорғанына ысырып жібергені хабарланған.

Қоқандық әскер шоғыры «Жөлек» қорғаны маңына жиналады. Тұрсынбай датқаның коқандықтардың ұстап алып кетуі жайында 1861 жылдың 20 қазанында сарай қызметшісі Осмоловский өзінің жоғарғы басшыларына төмендегідей мәлімет жібереді. Онда Қокан ханы Мелла-бек өзінің қолбасшысы Қанағат пен Түркістан бегіне «Жанақорған» қорғанын орыстардың бұзуына жол бергендіктері үшін ренжулі екені, қорғанның соншалықты жермен жексен болғандығына сенбей тексеру үшін өз адамдарын жібергені хабарланған. Ал Қанағат болса, өзінің жіберген кемшіліктерін жуу мақсатында әрі сол қорған маңындағы қазақтарды дер мезгілінде орыстар жөнінде мәлімет бермегендіктері үшін, оларды жазалау мақсатында және өздерінің шабуылының хабарланып қалмауы үшін, тез арада Түркістан аймағын 2000 (екі мың) адаммен қоршап алуы айтылады.

Алдымен Бұқар жолымен Жанақорған тұсына келіп, дарияның келесі бетіне қамыстан буыланған салдармен өтеді. Қокан әскерлерінің аттары шаршап-шалдығуынан, орыстар жағының жергілікті қазақтарға көп шығын жасамағанын хабарлаған. Әскер «Жөлек» қорғанына жақындағасын, Қанағат әскерінен 500 (бес жүз) адамды бөліп алып, «Жөлек» қорғанын басқарып тұрған Зауряд-хорунжиі Тұрсынбай Бүркітбаевқа жұмсайды. Олар Тұрсынбай датқаның тез арада коқандықтарға берілуін талап етеді. Ал датқа өз кезегінде інісі Тұрман Орынбаевты қорғаннан шығарып жіберіп, қорған маңындағы қазақтарды тез арада Перовск фортының маңына көшіруге және жаудың көп қолмен келіп «Жөлек» қорғанын қоршауға алғанын орыстарға хабарлауға тапсырма береді. Датқа күні бойы қоршаған жаулармен келіссөз жүргізумен болады. Ең соңында қорғанға Түркістанның бас ишаны келіп датқаның өз еркімен берілсе өмірінің сақталатынына уәде етіп, берілуін талап етеді. Ал берілмеген жағдайда оған қатаң жаза қолданылатындығы ескертіледі.

Мұнан әрі келіссөзді соза беруге болмайтынын ұғынады. Ол осы мерзім ішінде қорған маңындағы ауылдар орыстардың қол астына көшіп-қонғанына көзі жеткесін, қорғаннан шығып зеңбірек оғы жетпейтіндей жерге орналасқан

Қанағаттың ордасына келеді. Қанағат Тұрсынбай датқаны шапан жауып, аса құрметпен қарсы алады. Келіссөз барысында датқаға қарамағындағы ауылдарды Қокан желігіне өткізу жөнінде әңгіме болады. Бірақ датқанының өз ауылдарын Қокан жағына өткізбек түгілі, олардың барлық қауіпсіздігін сақтап, орыстар жағына өткізіп жібергендігін естігесін, датқаның сол жерде аяқ-қолын шынжырлап, мойнына арқан салып қамап тастайды.

Сонан соң Қанағат өзінің қарулы қолымен Перовск фортына қарай көшкен жұрттың ізімен жүреді. Бірақ орыс әскері дарияның сол жағалауына өтіп қарсы келе жатқанын естігесін шегініп кетеді. Қанағат Тұрсынбай Бүркітбаевқа және онымен бірге қолға түскен Самен Даутов деген қыпшақ биіне орыстармен соғысуға келмегенін, тек бұрынғы қол астындағы орыстар жағына өтіп кеткен қазақтарды жазалауға келгенін айтқан. Қоқандықтардың орыстармен қатынасында сақтық шараларын сақтайтындықтарын атап көрсеткен. Мысалы 300 коқандық әскердің «Жөлектен» шыққан орыс әскерінің жем-шөп тарататын (фура жир) 20 адамнан құралған тобына шабуыл жасағанын, күштері жетіп тұрса да ештеңе тартып алмағанын айтады.

Шегіну барысында коқандықтар және т.б. туыстарына коқандықтар жағына өтулеріне хат беріп жібереді. Өтсе датқаның аман қалатындығына уәде беріп өтпейтін болса өлтірілетінін хабарлайды. Орыстар Тұрсынбай Бүркітбайұлының елді тез арада көшіру жөніндегі бұйрығы арқасында әрі ешқандай да қақтығыс-соғыстың болмауынан, коқандықтар бар-жоғы 250 бас қой, 150-ге тарта ірі қара малын ғана қолға түсіріп, кері қайтқанын атап көрсеткен.

Ал 1862 жылдың 9 ақпан күні берген хабарламада 26 қаңтарда Ташкенттегі орыс барлаушысы Тұрсынбай биді қазақтар емес, коқандықтардың өздеріне де жолықтырмай, қатаң бақылауда ұстап отырғанын хабарлаған. Осы жылдан бастап датқа туралы еш мәлімет айтылмайды. 1-кітап 1862 жылдың 31 шілдесіндегі №373-ші берілген ақпармен аяқталған.

Датқаның қоқандықтар қолынан қаза табуы

Жоғарыда орыстар мен коқандықтардың датқаны зынданға салып, ешкіммен хабарластырмай қойғаны жөніндегі мәліметі – ел аузында қалған әңгімелермен сәйкес келеді. Датқа өзінің ел басқару тәсілінде, даулы мәселелерді шешуде ауызша билік айтумен ғана шектелмей, сыртқы жаулардан елін қорғауда әскер ұстап, өзі де үнемі ат үстінде қарумен жүріп басқарып, керек кезінде әскер басы да бола білген. Дар құрған екі жердегі қорғанда шағын әскер ұстаған. 1970-1990 жылдар аралығында ел аузындағы шешірелі әңгімелерді жатқа айтып отыратын ақсақалдар баршылық болатын. Солардың айтулары бойынша датқа елін шабуға келген әскерді тоқтатып, «Ханға жауапты өзім беремін, халықтың еш жазығы жоқ» деп, қасына бір ғана нөкерін ертіп алып, әскерге елді шаптырмай, өзі кете барған.

Бірақ астыртын: «Мені бұлардан тек Құлболды ишан ғана құтқара алады. Сол кісіге хабар беріңдер, ал әскер жинап мені құтқарамын деген әрекеттерден аулақ болыңдар» деп інісі Тұрманға қатаң тапсырма берген екен. Өзі тірі қайтпасын білді ме, кім білсін? «Елге, халыққа сәлем айтыңдар, елім үшін халқымынң қара тоқтысы болып бауыздалып кетсем, арманым жоқ!» деген сөз осы күнге дейін ұмытылмай ел аузында айтылып келеді.

Содан датқаны хан қолынан Құлболды ишан арнайы барып құтқарып алады. Бірақ коқандықтар датқаның үзендігеті таралғысына у жағып жібереді. Сол удың әсерінен еліне жете алмай, жолда қаза болады. Оның Ахмет Йсауи кесесіне жерленуі жайлы әңгімелер «Тұрсынбай датқа» кітабында және Қожа ағайындардың шежіре кітабында толық жазылғанын еске саламыз.

Мейрам ОМАРОВ,
Мұхамедіс ӘЛСЕРІКОВ.

Институт бітірерде ғылым жолына түсемін деп ойлағанмын. Жоғары оқу орны кафедра ассистенттігіне бұйрық та шығып қойған еді. Дегенмен, ауылға бет алдым. Бірақ ғылым арманын жадымнан шығармадым. Сөйтіп 1970 жылдың үшінші қаңтарынан облыстық күріш тәжірибе стансасына аға ғылыми қызметкерлікке кірістім. Осы жұмысқа мені мекеме директоры Ыбыраев Әшім ағамыз қабылдады. Мелиорация бөлімінің меңгерушісі Ділімбетов Қареке ағамыз екен. Олардың бірі экономика, екін-

тердің барлығы ағамыздың жоғары орындарға дәлелді талап қойып, оның соңынан қалмай, нәтижеге жету арқылы орындалғаны даусыз.

Сол кезеңде күріш өндірісінің түрлі салалары бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары қарқынды жүргізілді. Соның негізінде облыс шаруашылықтарында күріштің өнімділігі өсті, ғалымдардың беделі де көтерілді. Бұл станса болашағын одан әрі өркендету мүмкіндігіне себеп болды. Осы жерде Әшім ағаның өңір келешегі үшін аймақта ғылыми интелли-

Сөз жоқ, еліміздің ауыл шаруашылығы саласына жоғары білікті мамандар дайындауда сол кезде осы жоғары оқу орны алдына түсетін ешбір білім ордасы жоқ болатын.

Ол кезде қызыл диплом алған студентті оқу орнында қалдырып, ғылым жолына түсіру мақсатты түрде жүзеге асып отырған. Алайда Әшекең аспирантураға қалудан бас тартып, шаруашылықта еңбек еткісі келеді. Оның үстіне, бүкіл-одақтық тың игеру науқанының басталуына орай ол институттың жолдамасымен Ақтөбе облысы

тегістелмеген қарапайым жағдайдан инженерлік жүйеге айналдырылды. Екіншіден, осы екі аралықта күрішті өсіріп, баптау агротехникалық әдістері мен шаралары анықталып, өндіріске енгізілді. Бұл сөз жоқ, әуелі облыстық күріш тәжірибе стансасы, кейін Қазақ күріш ғылыми-зерттеу институты ғалымдарының үлкен еңбегі еді.

Әшекең тәжірибе стансасын және күріш ғылыми-зерттеу институтын басқарған уақытта аталған мекемелер өсу, өркендеу кезеңінде болды. Бұл үшін халықтың, ұжымның ортақ ісіне басшының адалдығы, асқан жанашырлығы, мызғымас табандылығы, әріптестер алдындағы жоғары жауапкершілігі, ең соңында ел үшін еңбек жасайын деген азаматтың үлкен арман-мақсаты болуы қажет. Осыны лайықты еңбегімен Әшекең дәлелдеп берді.

Мен отбасыммен бір жылдай «Қарауылтөбеде» екі қабат үйдің екі бөлмелі пәтерінде тұрдым. Ол кезде әкем мен анам қалада үлкен ағайдың қолында болатын. Табиғатынан далада өскендіктен болуы керек, ата-анам «Қарауылтөбеде» бізбен тұрғысы келетінін сездіретін. Біз де ата-анамен бірге болсақ, шапағы мол екенін сезетінбіз. Сөйтіп, мен осы мәселені Әшекеңе айтып, кең үй жөнінде өтініш білдірдім. Сол кезде ауылда екі пәтерлі қыш үйлер салына бастаған еді. Өтінішімді қолдап, келісім берді. Сөйтіп, қыштан тұрғызылған көпбөлмелі жана үйге кірдік. Әкем мен анамды көшіріп алдық. Мен сонда жиырма бестен енді ғана асқан жігітпін, ел үшін атқарып, орындаған ешнәрсемен жоқ, жас маманмын. Соған қарамастан, Әшім аға осындай ірі қолдау көрсетті. Мүмкін, ардақты аға жүрегім менің ата-анамды қолыма алғым келеді деген сөзім жылытқан болар. Әңде, бұл осы азаматтың санасын солайымен жайлаған адамсүйгіштіктің мықты белгісі шығар.

1976 жылы сәуір айында Әшім ағамыз облыс басшысының ұйғарымымен қала халқын ет, сүт, көкөніспен қамтамасыз ету үшін қала іргесіндегі «Комсомол» совхозына директор болып тағайындалды. Осы шаруашылықтың негізінде 1977 жылы ауыл шаруашылығы техникумы мен совхоз қосылып, Қызылорда совхоз-техникумы ұйымдастырылады. Ондағы мақсат – теория мен тәжірибені ұштастыру, шаруашылыққа қажетті мамандарды даярлау. Әшекеңнің бастамасымен қыруар жұмыс атқарылды. Бірінші кезекте жаңадан оқу ғимараттарын, жатақхана салдыру жұмыстарын жүзеге асырды. Сонымен бірге көкөніс өсірудің технологиясын меңгеріп, оны тәжірибеге енгізіп, жылыжайлар жаңартылды. Қала халқы азық-түлікпен қамтамасыз етле бастады.

Осы ұлан-асыр еңбектің бағасы мен қайтарымы болар мемлекеттік марапаттар иеленді. 1970 жылы «ҚазССР-на еңбек сіңірген агроном» атағын алды. Сондай-ақ екі рет «Құрмет белгісі» және «Еңбек Қызыл Ту» ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған. Бұл азаматтың ел болашағы жолында, асқан жанашырлықпен атқарған еселі еңбегінің қайтарымы болар.

Не нәрсе болса да, қандай да бір өнегелі құбылыс пен тірліктің түпкі бастамасы немесе сағасы болады. Ендеше, өңірдің ауыл шаруашылығы саласында өзіндік биік орны бар, Ыбырай Жакаев атындағы күріш ғылыми-зерттеу институтының сағасында Әшім Ыбырайұлы тұрды. Мұны сол тұлғалы ғалымның шапағатты тәрбиесін көріп-сезген ғалымдар ауыз толтырып айта алады. Бүгінде Әшекең ағамыздың ортамыздан мәңгілік сапарға аттанғанына тура 35 жыл толды. Бұл ретте Ыбырай Жакаев атындағы күріш ғылыми-зерттеу институты ғимараты кіреберіс фойесінде Әшім Ыбыраевтың бюсті тұрса, тарихты бағалаудың, бұрынғылардың өлшеусіз еңбегін ұрпақ санасына құюудың, ғалымдық, азаматтық мұраны айғақтаудың, тұлға шапағатын ардақтаудың мықты көрінісі болар еді.

Ал ағамыздың ірі тұлғалығына, азаматтығына Қапшапамыздың ақжарқындылығы, қарапайымдылығы, зиялығы мен тектілігі үйлесіп-ақ тұрушы еді. Апамыздың ортамыздан кеткеніне де 16 жыл болыпты.

Бүгінде мәуелі бәйтеректен тараған ұрпақтары, Серік бастаған інілерім ел өмірінің түрлі салаларында абыройлы қызмет атқарып, халық алғысын алып, өсіп-өнуде. Аға-апа ұрпақтарына амандық, абырой, бақ-береке тілейміз.

Серікбай ҚОШҚАРОВ,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің
профессоры,
техника ғылымдарының
докторы,
«Парасат» орденінің иегері

ЖАРҚЫН БЕЙНЕ ЖАДЫМЫЗДА



Шілденің шілінгір күнінде таң қаралы хабармен атты. Бөтен мінезі жоқ, ағаға іні иініге аға бола білген Дүйсен Ысқақұлы 74 жасында бұл дүниеден қоштасыпты.

Естудің де, қоштасудың да қиыны-ай! Бір салада қызметтес болған достары, әріптестері күніреніп жатыр. «Кеше ғана көріп едік қой, хабарласып едік қой» деп еске алысуда. Амал қанша, ауыл шаруашылығы саласының тағы бір танымал ардагері дүниеден өтті. Сол қаралы күнге де, «өмір-өзен» дегендей 40 күн өте шықты.

Ол 1951 жылы мамыр айының 9-жұлдызында Тереңөзек ауданы К.Маркс атындағы колхозда (қазіргі Нағи Ілиясов ауылы) дүниеге келген.

Шаруа отбасында, ауылдың ақ топырағында аунап өсіп, әкесі Ысқақтың тәлім-тәрбиесін алып, есейе келе, Қызылорда қаласындағы №112 орта-мектепте оқып, 1968 жылы аттестат алды.

Екі жоғарғы оқу орнын 1968 жылы қазақтың «Еңбек Қызыл Ту» орденді ауыл шаруашылығы институтынан агроном мамандығын алса, 1994 жылы Қазақстанның менеджмент, экономика және болжау институтын бітірді.

Дүйсен Ысқақұлы ат жалын тартып мінгеннен іскерлік, ұйымдастырушылық қабілеттерімен танылды. Қатардағы маманнан бастап, үлкен өмір баспалдақтарынан өтті. Ақыл парасаты мен білім-білігін халықтың игілікті істеріне арнады. Ауыл шаруашылығының өсіп-өркендеуіне қомақты үлес қосты.

Облыстық партия комитетінде, халықтық бақылау комитетінде нұсқаушы, ал 1961-2013 жылдары облыстық шегірткеге қарсы күрес экспедициясының, өсімдікті қорғау басқармасының басшысы, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бас агрономы қызметтерін абыроймен атқарды.

Шегірткеге қарсы күрес экспедициясында 9 жыл басшы қызметін атқарған жылдары өзінің білімі мен біліктілігінің арқасында қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, облыс экономикасын дамытуға атсалысты.

Дүйсен Ысқақұлының шаруашылық саласына сіңірген еңбектері лайықты бағаланып, «Ерен еңбегі үшін», «Ауыл шаруашылығы саласының Құрметті ардагері», кәсіподақтар бірлестігінің «Еңбек данқы» белгісімен, басқа да бірнеше мерейтойлық медальмен марапатталды.

Отбасында жақсы қар, әке, ата бола білді. Жұбайы – Зәуреш Абылайқызы екеуі өнегелі отбасы бола жүріп, 2 ұл, 2 қыз тәрбиеледі, 14 немере, 3 шөбере сүйді.

Ұлдары Өміржан мен Бахыттың өмірден өз жолын табуына, бақытты ұрпақ өсіріп-тәрбиелеуіне әкелік ақылы мен ақ ниетін аямады. Қыздарына да осылай әкелік парызын атқарып кетті. Балаларына ақыл-кеңес беруден жалықпай, жауапкершілікке тәрбиелеп, әулеттің тірегі бола білді.

Қаза соншалықты ауыр, бірақ марқұмның артында қалған ұрпағы – жұбаныш.

Бірге қызметтес болған Дүйсен Ысқақұлының жарқын бейнесі көптің жадында ұзақ сақталады.

Нұрлыбай ҰЛЫҚБАНҰЛЫ,
облыстық ауыл шаруашылығы және
жер қатынастары басқармасы ардагерлер
кеңесінің төрағасы

Дүйсен Ысқақұлының рухына бағышталған 40 күндік ас 2025 жылдың 23 тамызында сағат 12.00-де Қызылорда қаласы «Ақмешіт-Сырдария» орталық мешітінде өтеді.



«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.
E-mail: smjarnama@mail.ru

Жоғары оқу орнын бітіргесін жылдан аса Тасбөгеттегі жиырма тоғызыншы жылжымалы механикаландырылған мекемеде мастерлік жұмыс атқардым. Аптаның бес күні даладамыз. Күріш ауыспалы егісін тегістеп дайындаймыз. Қарамағымда бес скреперші. Олар атыз бетін тегістейді. Менің қолымда нивелир, солардың жанындамын. Бірге батпақ кешіп, шаң жұтамын, олар не ішсе, менде соны ішемін. Өмір тәжірибем осылай басталды.



шісі ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты. Сол кезде осы ұжым облыстағы бірден-бір ғылыми мекеме. Стансада бар болғаны жеті-сегіз ғана ғылым кандидаты жұмыс атқарады. Бірақ сол аз ғана ғылыми атағы бар ғалымдарға өзге жұрт аса құрметпен қарайтын. Өйткені олар сол кезеңде егін шаруашылығы саласы бойынша облыс көлемінде атқарылатын барлық ғылыми жұмыстардың ұйытқысы, үйлестірушісі еді. Ол уақытта ғылым докторлары атымен жоқ. Соған қарамастан ғылыми ізденістердің қарқыны жедел, ауқымы кең, сапасы жоғары болды. Мұны сол уақыттағы зерттеулер әдістемелік бағдарламалардың мықтылығы және оларды орындаушы, ұйымдастырушы ғалымдардың биік кәсіби деңгейі қамтамасыз етті ғой деп ойлаймын.

Станса Қызылорда қаласынан шамамен он шақырымдай жерде орын тепкен. «Қарауылтөбе» қыстағында. Ғылыми қызметкерлердің көпшілігі қалада тұрады. Оларды жұмысқа арнайы автобус тасымалдайтын. Алғашқы кезде бөлімде жасалған зерттеулермен таныстым. Алдағы жылы салатын тәжірибе әдістемесін дайындадық. Су шаруашылығының маманы болғандықтан мені сол кезеңде облыста суды пайдалану тиімділігі ойландырды. Осы мәселені зерттеп, тиісті мекемелерден дерек жинап, мақала жаздым. Өрине, ол мақала орыс тілінде еді, себебі мектеп, техникум, институтта орысша оқылды. Жазғанымды Әшім ағаға көрсетіп едім, ол кісі «Қазақстан ауыл шаруашылығы» журналына жіберу қажеттігін айтып, мақаланы қазақшалау жөнінде тапсырма берді. Өйтсе де менің қазақша нұсқам дұрыс шықпады. Әшекең аудармамды оқыды да күлді. Сөйтіп өзі алып қалды. Төрт-бес күннен кейін мақаланы қолыма ұстатты. Әшекең сол жерде Алматыға телефон соғып, журналдың редакциялық алқасында қызмет атқаратын беделді азаматпен тілдесті. Мақала екі автор атынан барсын деп едім, ағамыз оған келісім бермеді. «Сенің бірінші, тырнақалды еңбегің, сондықтан тек өз атымен жарық көргені дұрыс» деді. Осылайша, бірінші мақалам сол жылы күзде аталған журнал бетінен көрінді. Бұл ағаның маған көрсеткен қамқорлығынң басы еді.

Әшім аға басшы болған ауыл бұрын көзге қораштау көрінетін. Ал ұжымға, өңірге белгілі ғалымдар келіп, шоғырлана бастапты. Өкбар Құрамысов, Мәлік Айтбаев, Георгий Сырбу, Асқар Амандықов, Дүйсен Нұрымов, Келіс Жайлыбаев, Кешабадин Сыдықов, Әбсалам Шакиев сынды тәжірибелі ғалымдар зерттеулер мәнін салмақтандыра түсіпті. Осы түбегейлі, іргелі істердің түп қазығы міндетін білімді, көргені мен түйгені мол, қарамағындағы азаматтарды манызды ортақ іске барынша жұмылдырушы іскер басшы ғалым Әшім Ыбырайұлы тұрыпты.

Сол жылдары «Қарауылтөбеде» негізінен екі көше ғана болатын. Үйлердің көпшілігі шағын, екі-үш бөлмелі. Көшелерге тас төселген. Әшім аға осы ауылдың көркеюіне мол күш-жігер жұмсады. Оның бір дәлелі екі көшеге асфальт төселді. Арнайы құрылыс мекемесінің күшімен жана жобадағы екі пәтерлі қыш үйлер салына бастады. Өрине осы іс-

генцияның шоғырланып қалыптасуына қолайлы әсер беретін жана, тың шаруаға мол еңбек сіңіргенін айтуға әбден міндеттімін. 1972 жылы станса негізінде Қазақ күріш ғылыми-зерттеу институты ашылды. Бұл облыстық күріш тәжірибе стансасы ғалымдарының еселі еңбегін биік бағалаудың негізінде келген үлкен жеңіс еді. Жергілікті басшылықтың қолдауы, Әшім ағаның Мәскеуге бірнеше мәрте тынбай, шаршамай баруы арқасында келген мол жеңіс еді.

”
Әшекең тәжірибе стансасын басқарған уақытта «Қарауылтөбе» қыстағы өсіп көркейді, ауыл тұрғындары 450 метр тереңдікте жатқан өте таза суды пайдалануға мүмкіншілік алды. Әрбір көшемен барлық үйлер маңына арық тартылып су келді, екпе тал саны күрт көбейді, елді мекеннің экологиясы жақсарып, саяланды. Егіншілер мен сушылардың, жұмыскерлердің әл-ауқаты өсті. Бұл станса азаматтарымен бірге ауылдың абырой-атағын арттыра түсті. Жалпы ауыл жағдайының елеулі жақсарғанының дәлелі – ол Қызылорда қаласынан және өзге жерлерден де азаматтардың сол кезде осында қоныс аудара бастағанында. «Елге ел қосылса құт» дегендей бұл ауылдың одан әрі өркендеуіне өз ықпалын тигізбей қалған жоқ. Ал осы игілікті істердің басы-қасында ұйытқы болып Әшекең жүрді.

Институтқа ғимарат Қызылордадан берілді. Алғашында институт бұрын облыстық газеттер редакциясы орналасқан ғимаратта тұрақтады. Кейін Әшекеңнің табандылығымен ғалымдарға қолайлы, ғылыми ізденістерді жүзеге асыру үшін барлық талаптарға сай келетін бүгінгі орталық алаңдағы Қорқыт ата университетінің бас оқу ғимараты салынды. Ғалымдар үшін қалалық мәдени-демалыс паркі жанынан көпқабатты үй пайдалануға берілді.

Осы жылдар институттың дәуірлеу кезені болды десек, артық айтқандық болмас. Ол кезде институт ғылыми кеңесінде бөлімдердің есептері қызу талқыланатын, алдағы жылғы ғылыми жұмыстар әдістемесі терең сарапталып бекитін еді. Институтқа мықты ғалымдар тартыла бастады. Олардың қатарында Айжігіт Нұрғазарынов, Хамза Рамазанов, Сара Рамазанова, Герман Верещина, Лилия Котлярова бар еді.

Әрбір ауданда қыс бойы агрооқулар ауқымды көлемде өтетін, оған барлық шаруашылық мамандары мен бригадирлері тартылатын. Ал дәріс беретін негізінен институт ғалымдары. Осы маңызды жұмыс көктем алдында облыстық ғылыми конференцияда қорытындыланушы еді. Конференцияда жазда егісті күтіп-баптау жұмыстарына арналған ұсыныстар бекініп, көбітіліп, әрбір маман егіннің қолына тиетін. Бұл сөз жоқ, дақылдар өнімділігін арттыруға мол үлесін тигізуші еді. Сол жылдары институтта 35-40 ғылым кандидаты жұмыс атқарды, жалпы ғылыми қызметкерлер саны жүзден асатын. Демек, сол уақытта біздің институт Алматыда орын тепкен ғылыми мекемелермен бәсекеге түсуге жарайтын жағдайға да жетіп қалған еді. Бұл Әшекең ағамыздың қажырлы еңбегінің арқасында орын алған үлкен жеңіс болатын.

Әшім аға дүние есігін 1931 жылы ашыпты. Ендеше, мен аға қолына ол кісінің қырықтың қыр-қасына шыға бастаған уақытта келіппін. Елуінші жылы Қазақ мемлекеттік ауыл шаруашылығы институтына түсіп, оны соңында үздік дипломымен тәмамдайды.

/// РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

ИГІ жаңалықтар
ҮНСІЗ
ҚАЛДЫРМАДЫ

Бүгінгі таңда Қызылорда облысының экономикасы мен мәдениеті дамып, қай қырынан алып қарасаң да тыныс-тіршілігі өркендеп, аймақ ел бойынша көш басында келеді. Кейінгі уақыттары болып



жатқан өзгерістер бәрімізді таңдандырып отыр. Мәселен, қысқа мерзімде «Жайлы мектеп» жобасы аясында бірнеше жаңа мектеп салынып, пайдалануға берілді. Облыстық тарихи-өлкетану музейі, Физика-математика бағытындағы «Білім-инновация» лицей-интернаты, Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжі, Балаларға базарлық: аттракциондар паркі, «Сыр



жұлдызы» шығармашылық-инновациялық академиясы, «Оқушылар сарайы», Жаңақорғандағы балаларға арналған оналту орталығы, барлық аудандардағы «Руханият» орталықтары, Кіріпші зауыты, елді мекендердегі дәрігерлік пункттер ел игілігіне айналды. Енді жаңадан алып ЖЭО, стадион, Президент саябағы пайдалануға беріледі деп ел болып күтіп отырмыз. Осындай жаңалықтарды естіп, біліп, көріп үнсіз қалуды жөн санамадым. Сыр бойын осындай деңгейге жеткізген, ел мақтанышына айналдырған облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаевтың еңбегіне риза болып, оған осы ел аксакалы ретінде тілектестігімді жеткізгім келді.

Шыңғыс АЙБОСЫНОВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі,
облыстық Құрметті ардагері,
тыл ардагері, «Құрмет белгісі»
орденінің иегері, Жалағаш
ауданының құрметті азаматы

/// МЕРЕЙ

Өмірін адал еңбекке арнап, туған топырақтың гүлденуіне қызмет жасаған, ыстығына күйіп, суығына тоңған нағыз ел жанашырларының арқасында өлкеміз өсіп-өркендеп, бүгінгі күнге жетті. Сондай есімі ел жадында сақталған арда азаматтардың бірі – Киікбай Смайылұлы. Ол 1935 жылы «Тартоғай» ауылдық кеңесінде дүниеге келген.



ҚАЗЫНА ҚАЙНАРЫ

Балалық шағы соғыс жылдарына сәйкес келген оны ауыртпалық ерте есейтті. Қара жұмысқа ерте араласты. Өгіз жетектеп, жер айдады. Аудан орталығына астық тасыды. Бар болғаны он жасында егінге араласып, бидай орып, күріш екті. Бұл оның еңбекке етене жақын, төзімді әрі табанды азамат болып қалыптасуына жол ашты.

Киікбай Смайылұлының өмірі Шиелі ауданының өсіп-өркендеуімен тығыз байланысты. 1957 жылы Ташкент жер суландыру және ауыл шаруашылығын механикаландыру инженерлерін дайындайтын институтты инженер-механик мамандығы бойынша аяқтап, еңбек жолын «Шиелі механикаландырылған орман-тоғай шаруашылығында» матор-трактор шеберханасының меңгерушісі болып бастайды. Одан соң сол кездегі «Қызыл Ту» колхозында (Ы.Жақаев ауылы) 8 жыл бойы бас инженер қызметін абыроймен атқарды. Қандай істі де тындырымды, ұқыпты қалпымен көзге түскен ол кейін Шиелі РТС мекемесінде 12 жыл аға инженер ретінде қызмет етті. Адалдығы мен ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында 12 жыл бойы «Бәйгекүм» совхозын басқарды. Директорлық қызметті мінсіз атқарып, ауыл шаруашылығы саласының дамуына айтарлықтай үлес қосты. Ол басқарған кезде ауылдың тұрмыс-тіршілігі түзеліп, шаруашылық жетістіктерге шықты. Зейнет жасына дейінгі соңғы үш жылында сол «Бәйгекүм» ауылдық кеңесінің төрағасы қызметін атқарып, ел сенімін тағы да ақтады. Ауылдың әлеуметтік мәселелеріне баса назар аударып, халықпен етене жұмыс істей білді. Оның әділдігі мен еңбекқорлығы ел есінде. Зейнетке шыққан соң да қоғамдық жұмыстан қол үзген жоқ. Ауылдағы ардагерлер кеңесінің төрағасы болып, әлеуметтік мәселелердің оң шешім табуына ықпал жасады.

ҰСТАЗЫ ЖАҚСЫНЫҢ ҰСТАМЫ

1970-1978 жылдары Киікбай Смайылұлы «Ауыл-шаруашылығы техникасы» бірлестігінің басшысы болған тұста елде тың игерудің екінші кезеңі жүріп жатты. Ол кезде Шиелі аупарткомының бірінші хатшысы Ғафур Мұхамеджанов.

– Еңбек жолымдағы үлгі тұтатын адамдарым Ғафур Мұхамеджанов пен Қонысбек Қазантаев болатын. Іскер, еңбекқор, сондай әділ кісілер еді. Оларды өмірлік ұстазым десем де артық емес, – дейді кейіпкеріміз.

Ұстаздарынан көрген-түйгеніне өзінің өмірлік тәжірибесін ұштастырған Киікбай Смайылұлы бірлестіктің жұмысын ә дегеннен-ақ үйіріп алып кетеді. Қызметіне тәтті болған басшылық оны сол кезде жанандан құрылған «Бәйгекүм» көкөніс-бақша совхозына директор етіп тағайындауға шешім шығарады. «Көкөністі жегенім болмаса, егудің қыр-сырын білмеймін ғой» дегеніне қарамай, «сен екпейсің, ұйымдастырасың» деп басшылық тізгінді қолына береді. Талапты адам қай істе де солай. Совхозды басқарған

12 жылдың ішінде бүкіл Шиелі ауданынан шығатын қауынның жартысынан көбін «Бәйгекүмнан» өндіретін мүмкіндікке жетеді. Мәселен жыл сайын Қызылорда облысынан экспортталатын 32 мың тонна қауынның 11-12 мың тоннасы Шиеліден жөнелтіледі. Ал сол 11-12 мың тоннаның 6-7 мың тоннасы «Бәйгекүмның» қауыны еді. Әр ауылдың тұрғынына берілетін 25 сотық жерден бөлек, совхоздың есебінен 500 гектар аумаққа қауын егілетін. «Бәйгекүмның» өзіне тиесілі алқабы болмағандықтан, «Қарғалыдан» бастап «Айдарлы» совхозына дейінгі аралықтағы дарияның қос бетін жағалай егін даласына айналдырған. Оны күтіп-баптап өсіру бір бөлек, шашау шығармай діттеген жерге өткізіп, диканның еңбегін өтеу үлкен шаруа. Совхоз құрылған сәттен басы-қасында жүріп, аптап ыстық пен қаһарлы қысқа қарамай еңбек еткен басшының әр сәті күні кешегідей есінде.

– Маған мықты ел азаматтарымен бірге жұмыс істеу бақыты бұйырды. Қорғанбек Қайруллаев, Сайлау Әбішев, Жақай Бодыков, Серік Дүйсенбаев, Бибіжан Жәукебаева, Нәзира Парманқұлова, Әтіркүл Шорабаева – бәрі де өз ісінің шебері, туған жердің нағыз жанашырлары болды. Олармен қызметтес болғанымды әрқашан мақтанышпен айтамын. Сол кісілермен иық тірестіре жүріп, ауылдың дамуына үлес қостық, – дейді ардагер. Бұл – тек құрмет емес, шынайы жолдастықтың, ұрпаққа үлгі боларлық сыйластықтың көрінісі. Аға буынның осындай ықыласы бүгінгі ұрпаққа сабақ болса игі.

ЕҢБЕККЕ МАРАПАТ

Киікбай Смайылұлы 1994 жылы «Ерекше еңбегі сіңген зейнеткер» мәртебесіне ие болды. «Құрмет белгісі» орденінің иегері, Шиелі ауданының Құрметті азаматы. Сонымен қатар, бірнеше мерекелік медальмен марапатталған. «Тың және тынайған жерлерді игерудің 25 жылдығы», «Еңбек ардагері», «Тыңға 50 жыл», Ұлы Жеңістің 65, 70, 75, 80 жылдығына арналған медальдар, «Қызылорда облысының дамуына қосқан үлесі үшін», Ыбырай Жақаевтың 130 жылдық, Шиелі ауданының 95 жылдығына арналған мерекелік медальдар – бәрі де оның маңдай терінің, елге сіңірген қызметінің айғағы.

Киікбай ақсақал қоғамдық-саяси өмірге де белсене араласып, Шиелі поселкелік, «Жөлек», «Иіркөл», «Бәйгекүм» ауылдық кеңестеріне бірнеше мәрте депутат болып сайланған. Ол ел үшін еңбек етудің нағыз үлгісін көрсетті.

1960 жылы жары Меруерт Әбубәкірқызымен шаңырақ көтерді. 7 ұл-қыз өсіріп, олардан 15 немере, 5 шөбере сүйіп отыр. Токсанның төріне шыққан ақсақал – ұрпаққа үлгі, елге тірек, өткеннің куәсі, бүгіннің шежіресі.

Гүлхан ЯХИЯ,
ҚР Журналистер одағының мүшесі

АУЫЛДА КӘСІПКЕРЛІК АЯСЫ
КЕҢЕЙЕ ТҮСКЕН

Қала әкімдігінің баспасөз алаңында Қарауылтөбе ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушы Қойшыбай Жүсіпов 2025 жылдың I жарты жылдығында атқарылған жұмыстар туралы баяндады.

Ауылдық округте халық саны 2952 адамды құрайды. Экономикалық белсенді халық саны 1304 адам. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар саны – 402, жұмыссыздар саны 24 адам.

«2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобасы» аясында халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шаралары арқылы 1 адам жастар практикасымен, 18 адам ақылы қоғамдық жұмысқа, 2 адам қысқа мерзімді кәсіптік оқуға мүмкіндік алған.

– 2024 жылы жалпы бюджет 177,2 млн теңгеге бекітілген, оның ішінде II тоқсанында бюджет жоспары 81,8 млн теңге, 2025 жылдың жоспары 220,8 млн теңге II тоқсанында 142,8 млн теңгеге бекітілген. Есепті мерзімде бюджет 98 пайыз игерілді. Салық түсімінің жылдық жоспары 12,7 млн теңге болса, II тоқсанға нақты түсім 9,6 млн теңге. Жылдық жоспардағы салық түсімі 76,2 пайыз орындалды.

Кәсіпкерлікті қолдау бағытындағы жұмыстар да өз деңгейінде атқарылып жатыр. Бүгінде ауылдық округте 131 шағын кәсіпкерлік субъектісі жұмыс істеп тұр. Нақтырақ айтқанда, 3 жауапкершілігі шектеулі серіктестік, 115 дара кәсіпкер, 18 шаруа қожалығы. Бұдан бөлек, биылғы жылдың II тоқсанында 6 кәсіпкерлік субъекті тіркеліп, 6 тұрақты жұмыс орны

ашылды. «Бизнес-Бастау» бағдарламасы аясында 8 тұрғын оқу курсын аяқтап, қайтарымсыз грантка өтініш беруде.

2025 жылдың II тоқсанына жалпы құны 25,4 млн теңгені құрайтын 3 жоба қаржыландырылды. Атап айтқанда, «Байқоңыр ӘКК» АҚ арқылы «Ауыл аманаты» бағдарламасымен бір жоба, «Аграрлық Несие корпорациясы» АҚ арқылы «Іскер» бағдарламасымен 2 жоба асылтұқымды мал өсіру кәсібі бағытында тиісті қаражатқа қол жеткізді, – дейді ауыл әкімінің міндетін атқарушы.



Ауылдық округтегі №179 орта мектепте 500-ден астам оқушы білім алады. 2024 - 2025 оқу жылы бойынша 10 оқушы 11-сыныпты аяқтап, ҰБТ-ға толық қатысып, 4 оқушы грант иегері атанған.

Әлеуметтік салаға келсек, биылғы II тоқсанның қорытындысымен ауылдағы аз қамтылған 24 отбасындағы 102 балаға атаулы әлеуметтік көмек тағайындалып, қаржылай көмек көрсетілген.

«Қарауылтөбе» ауылдық округінің жалпы жер көлемі – 6 806 гектар. Оның басым бөлігі ауыл шаруашылығы мақсатында табысталған. Ауылдық округ бойынша биыл 700 гектар күріш, 124 гектар ескі жоңышқа және 276 гектар жаңа жоңышқа, 5,0 гектар бидай,

10 гектар арпа, 150 гектар кант құмайы, 3 гектар көкөніс-бақша дақылдары егілген. Былтыр ауылдағы мал басы саны 2 400 болса, биыл 2 637 бас тіркеліп отыр.

Баяндамада айтылғандай, «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы аясында 1,9 млн теңгеге ауылға кіре беріс жаңа қоныс аумағындағы №4, №5 көшелер жарықтандырылған. «Жарықтандыру» бағдарламасы бойынша ауылдық округтегі жаңа қоныс аумағындағы №7, №8, №9 көшелеріне 3,3 млн теңгеге көше бойына жарық бағаналары орнатылған.

Ауылды абаттандыру бойынша С.Байсейітов көшесінің бойынан балалар ойын алаңын салуға мемлекеттік сатып алу порталы арқылы мердігер «Әділжан и К» серіктестігімен 5 млн 945 мың теңгеге келісімшарт жасалып, қазіргі кезде құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Ауыл ішіндегі жолдарды жөндеу, санитарлық тазалықты қамтамасыз ету жұмыстары тұрақты түрде атқарылып келеді.

Ауылдық округтің көше жарықтандыру бағаналарын электр энергиясымен қамтамасыз ету үшін «Қызылорда электр тарату тораптары» компаниясымен 10,5 млн теңгеге келісімшарт жасалған. Сонымен қатар, жарық бағаналарына техникалық қызметтер көрсету бойынша «Инно Тех» ЖШС қызмет көрсететін болады.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

«ІШКІ
ҚАЛАУЫМДЫ
ТАПҚАНДАЙ
БОЛДЫМ»

Жас маман бүгінде өзі аттай қалап оқыған мамандығының нанын жеп жүр. Ол 2021 жылы 9 сыныпты бітіріп, Қызылорда қаласындағы Текей батыр Қарпықұлы атындағы жоғары колледжге құрылыс бұйымдары мен конструкцияларын өндіру мамандығы бойынша оқуға түсті.

– Адам өз өмірінде екі нәрседе таңдаудан қателеспеу керек десек, соның бірі – мамандық. Таңдауың дұрыс болса, ол саған бақыт, рухани қанағат және тұрақты өмір сүруге мүмкіндік береді. Мен құрылысшы болуды бала күнімнен армандадым. Есейе келе, сызу, өлшеу, үй әрлеу сияқты жұмыстарға қызығушылығым арта түсті. Аға буын үлкендердің жанында жүріп, үй құрылысымен айналысуға ынталанып, өзімнің ішкі қалауымды тапқандай болдым. Бұл қызығушылық тек табыс табудың жолы емес, менің келесіме, елімнің өркендеуіне қосар үлесім, арныммен мен мақтанышымға айналды, – дейді Аманжол Дәрібаев.

Ол төрт жыл бойы колледжде білім алған тұста құрылысшы мамандығының соншалықты қиын әрі жауапты жұмыс екенін түсінгенін, оқу-өндірістік тәжірибе барысында бұл саланың көпшілік біле бермейтін өзіндік әдіс-тәсілі барын ұғынғанын айтады. Мамандығына қызығушылығы уақыт өткен сайын артып, одан әрі ізденіп, оқып, іс-тәжірибе жүзінде жұмыс жасауға ұмтылды. Қазіргі күні өзінің оқып-тоқығанын «Ауыл құрылыс» компаниясында жүзеге асырып жүр.

– Құрылысшы болу кәсібі жол ғана емес, бұл – менің өмір салтым. Құрылысшы қайда жүрсе де маңдай тері сіңген еңбегімен көрсетіп мақтана алады. Бұл – шын мәнінде баға жетпес бақыт. Бұл – жауапкершілігі жоғары, кәсіби біліктілікті қажет ететін сала. Біз секілді мамандар физикалық күш пен еңбекке ғана емес, сонымен қатар инженерлік ойлау қабілетіне, дәлдік пен тәртіпке сүйенеді. Құрылыс процесі нақты есептеулерге, сызбаларға, материал таңдауға және қауіпсіздік талаптарына негізделеді. Сондықтан құрылысшы тек қолымен емес, ақылмен де жұмыс істейді. Өз таңдауымды қашанда құрметтеймін, бағалаймын, мамандығымды мақтан етемін, – дейді кейіпкеріміз.

Жас құрылысшы қай салада да ілгерілеу барын, технологиялар, құрылыс материалдары мен автоматтандырылған құрылыстардың уақыт өткен сайын жанарып отыруымен бірге өзі сияқты мамандар да үнемі ізденіс үстінде болуға тиіс екенін атап өтті. Ал үздіксіз даму – заман талабы.

– Мемлекет басшысының бастамасымен биыл «Жұмысшы мамандықтары жылы» болып жарияланды. Бұл бастама жұмысшы мамандықтарды дөріптеу арқылы қоғамда еңбекқор және нағыз маман болып қалыптасу идеясын насихаттауды көздеді. Соның нәтижесінде колледжде бірқатар жоба жүзеге асырылды. Президентіміздің қарапайым жұмысшыларды, мамандықты қолдау саясаты өз-өзіме деген сенімділікті оятқандай. Өз кәсібін сүйетін, жетік меңгерген мамандық иелері ұлт сапасын арттырады анық, – дейді ол.

Қоғамды алға бастайтын кез келген дамудың өзегі – құрылыс екені айтпаса да түсінікті. Жол, мектеп, көпір, тұрғын үй, ғимарат, зауыттар – бәрінде құрылысшының маңдай тері, ақыл-ойы мен қол күшінің ізі сайрап жатыр. Біз сөз етіп отырған кейіпкеріміз тас пен темірді ғана емес, болашақты сомайтын мақтаулы маманға айналарына сенім мол.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

1-бет

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР МЕДИЯ

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)

әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)

жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)

есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38

компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес
KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен
сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына сейсенбі, бейсенбі, сенбі (*сенбілік екі нөмір*) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.